AIQYN

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.aikyn.kz
e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

СЕЙСЕНБІ №57 (4597)
27.05.2025

ҚАЛА ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ЖАҢҒЫРТУ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Алматы қаласының жаңадан тағайындалған әкімі Дархан Сатыбалдыны қабылдады.

Президентке қала әкімі алдағы жұмыстың басым бағыттары, соның ішінде әлеуметтік-экономикалық даму, қала экологиясын оңалту және шаһар тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыру жөніндегі жоспары туралы баяндады.

Қасым-Жомарт Тоқаев мегаполисті дамытудың негізгі міндеттерін айқындады. Атап айтқанда, тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ету, экономиканы әртараптандыру, қаланың инфрақұрылымын кешенді түрде жаңғырту, сондай-ақ жол-көлік желісінің жағдайын жақсарту, экологиялық мәселелерді шешу сияқты бірқатар нақты тапсырма берді.

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Грузияның Тәуелсіздік күніне орай осы елдің Президенті Михаил Кавелашвилиге құттықтау жеделхатын жолдады.

Қазақстан Президенті кейінгі жылдары Грузияның демократиялық институттарды нығайту, экономиканы жаңғырту және азаматтардың әл-ауқатын көтеру ісінде айтарлықтай жетістікке жеткенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Михаил Кавелашвилидің жауапты мемлекеттік қызметіне толағай табыс, ал достас Грузия халқына бақ-береке тіледі.

МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАР ТАПСЫРДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет және қоғам қайраткері Равиль Шырдабаевқа «Отан» орденін, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Серік Тоқпановқа I дәрежелі «Барыс» орденін салтанатты түрде табыстады.

Іс-шарада сөйлеген сөзінде Президент халқымыз Равиль Шырдабаевты егемендік жылдарынан бастап елдік істерге белсене қатысқан әрі мемлекеттігімізді нығайтуға зор үлес қосқан азамат деп айрықша құрметтейтінін айтты.

– Әсіресе, мұнай-газ саласын өркендетуге мол еңбек сіңірдіңіз. Сіздің бастамаңызбен бұл сала жаңа кезеңге қадам басты деуге болады. Министр, облыс әкімі, депутат ретінде ұлт мүддесіне адал қызмет еттіңіз. Дипломатия саласында жұмыс істеп, еліміздің халықаралық беделін нығайтуға атсалыстыңыз. Сондай-ақ сіз – мұнай өндірісіне арналған бірнеше ғылыми еңбектің авторысыз. Халқымыз «Еңбегімен ер сыйлы» деген. Сіздің ерен еңбегіңіз – өскелең буын үшін үлгі-өнеге, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент білікті дәрігер, «алтын қолды хирург» ретінде Серік Тоқпановтың саналы ғұмырын ұлт саулығы үшін еңбек етуге арнағанына тоқталды.

– Денсаулық сақтау жүйесінде елу жылдан астам уақыт бойы қызмет етіп келесіз. Дәрігер болу – мамандыққа адал болу деген сөз. Бұл – жүгі ауыр, күрделі жұмыс. Сіз еңбек жолыңызда аса күрделі оталар жасап, мыңдаған адамның өмірін сақтап қалдыңыз. Нағыз жанашыр дәрігер болдыңыз. Қазақстанның медицина ғылымын дамытуға орасан зор үлес қостыңыз. Сіздерге берілетін бүгінгі жоғары мемлекеттік марапат – ел игілігі үшін жасалған табанды еңбектің лайықты жемісі. Бұл – жұртымыздың шынайы ықыласы және зор алғысы, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Равиль Шырдабаев пен Серік Тоқпанов жоғары мемлекеттік марапаттарға лайық көргені үшін Президентке алғыс айтты.



ҰБТ: СЫНАҚ ӘРІ СЕРГЕЛДЕҢ

Жаз мезгілі – көпшілік үшін демалыс, ал мектеп түлектері үшін үлкен сыннан өтетін маңызды кезең. Әсіресе, 11-сынып оқушылары үшін бұл маусым демалыспен емес, Ұлттық бірыңғай тестілеудің (ҰБТ) уайымымен өтеді. Оқушылар үшін бұл болашақ мамандығы мен бағытын анықтайтын, тіпті тағдырын шешетін сәт те болуы ғажап емес.

Былтыр ғана ҰБТ-ның 20 жылдығы аталып өтті. ҰБТ еліміздегі білім жүйесінің маңызды бір тетігіндей. Оған себеп – жас түлектердің жаппай осы емтиханға дайындалып, 11 жылғы білген-тергенін сынап көруі. Алғашқы жылдары ҰБТ-ның қияметі талай тағдырлардың сынуына әкеп соққаны рас. Бірі шекті балдың қуанышын тойлап жатса, бірі жетпей қалған балдардың куәсі болып жатады. «Қазіргі ҰБТ бөлек», – дейді көп жастар. ҰБТ-ның берілу форматы мен балдық жүйелер жыл өткен сайын өзгеріп жатыр. Әрине, бұл жастарымыздың білім деңгейін жаңа белеске көтеру, жүйедегі ескірген талапты жаңашалау болып табылады.

→ 5

ҚОҒАМ

ДИВИДЕНД – БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫ ДЕРТІНЕ ДӘРУ

Биылғы республикалық бюджетте дефицит 4,1 триллион теңгені, елдің ЖІӨ-сінің 2,7%-ын құрайды деп жоспарланған-тын. Ресми мәліметке сәйкес, 2025 жылдың екі айында бюджет тапшылығы 3,6 триллион теңгеге – ел тарихында ешқашан болмаған көлемге жетті. Оны өтеу үшін ішкі және сыртқы нарықтан қарыз алынады. Қазынада қаржы жетіспеушілігі өткір тұрғанда ұлттық компаниялар бюджетке демеу болу орнына табысын өзіне шығындап, мемлекетке төлейтін дивидендін азайтқан. Депутаттар бұл кесірлі тәжірибені өзгертудің амалын қарастырып жатыр.

→ 4

ҚОҒАМНЫҢ РУХАНИ ЕМШІСІНЕ АЙНАЛҒЫМ КЕЛЕДІ

Біздің қоғамда күйбең тіршіліктен демалу қиын. Қазір қазақ актерлерінің ең осал тұсы да күйбең тірлік. Біздің мамандықтың бір жақсы жері спектакль процесі, театрдағы уақыт күйбең тірлікті ұмыттырады. Кейіпкердің өмірін терең зерттей бастаған кезде өзіңнің күйбең тірліктегі өміріңнен сәл де болсын алыстайсың.

→ 6

ТАШКЕНТТЕГІ ТАРИХИ НӘТИЖЕ

Азия чемпионаты алдындағы дайындық кезінде Мөлдір Жаңбырбайдың қызымен бірге татамиде жүргенін сүйсінген жан көп еді. Кейіннен «барған жеріңнен жүлдесіз қайтпа» деген көптің тілегі қабыл болды.

→ 8

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ҚАЖЕТ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 29 мамыр күні болатын Сенат отырысының күн тәртібін белгіледі.

Соған сәйкес алдағы бейсенбіде сенаторлар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын дамыту, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау, байланыс және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» туралы заңды қарайды.

Заңның негізгі мақсаттары – бәсекелестікті арттыру, банк секторына инвестициялар тарту үшін жағдайлар жасау, сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын дамыту. Қаржылық қолжетімділікті арттыру және қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау да осы заңның міндеттерінің бірі екенін атап өткен жөн. Қаржы нарығында, оның ішінде ұялы байланыс саласында алаяқтыққа қарсы іс-қимыл бойынша да бірқатар шара көзделген.

Сонымен қатар бюро отырысында Сенаттың іс-шаралар жоспарын іске асыру аясында осы аптада өткізілетін кездесулер пысықталды. Атап айтқанда, депутаттар бұл аптада бірқатар әскери бөлімдердің басшылығымен кездеседі және әскери қызметшілерді әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз ету, мүдделі тараптармен бірге азаматтық қорғау жүйесін дамыту мәселелерін талқылайды.

Сондай-ақ бюро мүшелері бұған дейін Парламент Мәжілісі қабылдаған заңдарды жұмыс үшін Сенаттың Комитеттеріне бөліп берді.

АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК БЕРІЛДІ

2025 жылғы 1 мамырға 43,4 мың отбасындағы 232,5 мың адамға 10,4 млрд сомасына атаулы әлеуметтік көмек (бұдан әрі – АӘК) тағайындалды. 2025 жылы осы мақсатқа бюджеттен 132,9 млрд теңге қарастырылды.

Бұрын хабарланғандай, АӘК-нің негізгі мақсаты – ақшалай төлем түрінде қолдауды жүзеге асыру және отбасының еңбекке қабілетті мүшелерін жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тарту арқылы отбасын қиын өмірлік жағдайдан шығару.

АӘК мыналарды көздейді:

– табысы кедейлік шегінен аспайтын азаматтарға тоқсан сайын әлеуметтік көмек тағайындау;

– табысы аз отбасылардағы 1 жас пен 6 жас аралығындағы әр балаға 1,5 АЕК мөлшерінде ай сайынғы қосымша төлем беру. 2025 жылғы 1 мамырға АӘК алушылар қатарынан мектеп жасына дейінгі 74,4 мың балаға 1,4 млрд теңге сомасына қосымша төлем тағайындалды;

– жұмысқа орналастыру, өз ісін ашуға ниетті отбасыларға гранттар беру, біліктілікті арттыру курстарына жіберу (қажет болған жағдайда) және басқалар арқылы жұмыспен қамтуға жәрдемдесу.

Қазір қазақстандықтар АӘК тағайындауға өтінішті тұрғылықты жері бойынша мансап орталығында, ауыл округінің әкіміне, сондай-ақ электронды үкімет порталы (eGov.kz) арқылы бере алады.

Естеріңізге сала кетейік, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстандағы кедейлік шегі өңірлік медиандық табыстың 35% деңгейінде, бірақ өңірлік ең төмен күнкөріс деңгейінің 70%-нан төмен емес деңгейде айқындалған.

ӘДІЛДІК ҚАҒИДАСЫ:
КЕЗЕК КРИПТОНАРЫҚҚА КЕЛДІ МЕ?

Қазақстан Үкіметі криптовалюта нарығын заңдастыру бағытында белсенді қадамдар жасап жатыр. Бұл үрдіс тек цифрлық активтерді бақылау ғана емес, сонымен бірге экономиканы әртараптандыру мен жаңа инвестиция көздерін тартуға бағытталған. Жуырда қабылданған өзгерістерге сәйкес, елімізде лицензиясыз криптовалюта саудасымен айналысатын азаматтар қылмыстық жауапкершілікке тартылмақ. Ұлттық банк өкілдерінің айтуынша, бұл шешім криптовалюта нарығын «көлеңкеден шығарып», ашық әрі заңды айналымды қамтамасыз етуге арналған. Бірақ тәуелсіз сарапшылар арасында бұл реформа ашықтыққа бастайтын құрал ма, әлде басыбайлы бақылау тетігі ме деп күмәнмен қарайтындар да жоқ емес.

Кәмила ДҮЙСЕН

Мемлекет басшысы жыл басында цифрлық активтер айналымына қолданылатын тәсілдерді өзгерту қажет екенін айтқан болатын. «Қазір мұндай активтерді тек Астана халықаралық қаржы орталығындағы криптобиржа базасында ғана заңды түрде пайдалануға болады. Алайда сарапшылардың бағалауынша, Орталықты сауда алаңы ретінде қазақстандық криптоинвесторлардың небәрі 5 пайызы пайдаланады. Қалғаны астыртын жұмыс істейді. Цифрлық активтердің заңды түрде қолдану аясын кеңейтуге арналған инфрақұрылымды жедел құру керек. Қаржы саласының реттеушілері тиісті заңнама базасын қалыптастыруды қолға алғаны жөн», – деді Президент.

Сәйкесінше, Ұлттық банк Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымының негізгі компоненттерін іске қосты. Олар: Ұлттық төлем жүйесі, Алаяқтық транзакцияларға қарсы ұлттық орталық, Қашықтан биометриялық сәйкестендіру жүйесі, Ашық банкинг және Цифрлық теңге платформалары. Енді алдағы уақытта криптовалюта айналымын реттеуді кеңейту мақсатында криптовалюта платформалары операторларының құқықтық мәртебесі бекітіледі.

– Киптовалюталарды айырбастау қызметіне қойылатын біліктілік талаптары, олардың бизнес-процестерін жүзеге асыру тәртібіне қойылатын талаптар, тәуекелдерді басқару жүйесінің болуы, активтерді қорғау жөніндегі талаптар, деректерді қорғау жөніндегі талаптар, сондай-ақ операциялардың ашықтығын және инвесторлардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету тетіктері белгіленеді, – деді Ұлттық банкі төлем жүйелері департаментінің директоры Ерлан Ашықбеков.

Оның сөзінше, халық лицензияланған провайдерлер арқылы криптовалюталарға инвестиция салуға мүмкіндік алатынын айтты. Мұндай ұйымдардың тізбесін Ұлттық банк белгілейді. Жаңа талаптарға сәйкес, крипто компаниялар біліктілік нормаларын орындауы, бизнес-процестерін реттеуі, тәуекелдерді басқару жүйесін енгізуі және клиенттердің деректерін қорғауға тиіс. Сондай-ақ операциялардың ашықтығы мен инвестор құқықтарының қорғалуы да басты назарда болады.

Криптовалюта нарығын дамытуда АХҚО-мен өзара іс-қимыл маңызды рөл атқарады. Осы орталықта тіркелген криптобиржалар мен криптоалмастырушылар заң аясында жұмыс істеуде. Ұлттық банк пен АХҚО арасындағы кооперация Қазақстанда цифрлық активтердің тұтас экожүйесін қалыптастыруға жол ашады. Бұл модель Қазақстанды өңірлік криптохабқа айналдыруға мүмкіндік береді. Бұған дейін ел аумағында bybit және қазақстандық Binance платформасы тіркеліп, АХҚО юрисдикциясында жұмыс істеп келген.

Бұрын криптовалюта сатып алған азаматтарға Қазақстанда заңмен рұқсат етілген криптобиржаларға өз активтерін көшіру ұсынылуы мүмкін. Сондықтан бұрын криптовалюта иеленгендер үшін ең қауіпсіз жол – активтерді заңды алаңдарға ауыстырып, салық органдарына қажетті есептілікті өткізу болмақ. Бұл ретте құқықтық тәуекелдерден аулақ болу үшін мамандардан кеңес алған жөн.

Қазақстан Үкіметі криптовалюта майнингі саласынан 2022 жылы 3,07 миллиард теңге (шамамен 7 миллион АҚШ доллары) салық жинағанын хабарлады. 2023 жылдың алғашқы төрт айында бұл көрсеткіш 240 миллион теңгеге дейін төмендеген . 2024 жылы криптовалюта майнингі қызметінен 10,4 миллион АҚШ доллары көлемінде салық түсімі тіркелген.

Ұлттық банк төрағасының орынбасары Берік Шолпанқұлов криптовалюта нарығын заңдастыру екі негізгі бағытты қамтитынын айтты. Бірінші – цифрлық қаржы активтерінің құқықтық мәртебесін айқындау, екінші – қамтамасыз етілмеген криптовалюталардың айналымын лицензияланған провайдерлер арқылы реттеу. Сонымен қатар жаңа цифрлық сервистер мен өнімдерді сынауға мүмкіндік беретін реттеуші құмсалғыш құрылмақ. Бұл бастама стартаптарға жаңа шешімдерді сынақтан өткізіп, нарыққа шығуына жол ашады.

Цифрлық даму вице-министрі Қанат Төлеушиннің айтуынша, 2025 жылдың соңына дейін криптовалюта нарығы толық, ашық, түсінікті және заңды жүйеге айналуға тиіс. Жаңа реформа аясында цифрлық активтермен жұмыс істейтін барлық компания АХҚО-да тіркелуі қажет болады. Сондай-ақ ресми криптовалюта айырбастау пункттері – «ресми айырбастаушылар» пайда болады. Бұл қарапайым азаматтарға да оң әсер етеді. Енді жеке тұлғалар АХҚО-да тіркелген немесе Ұлттық банк лицензиялаған платформалар арқылы криптовалюта сатып алып, сата алады. Бұл мемлекетке ақшаның қозғалысын бақылауға және капиталдың заңсыз шығарылуын тежеуге мүмкіндік береді.

Өзгерістер майнинг секторына да әсер етеді. Ірі майнинг-компанияларға өздерінің электр стансаларын салып, энергияны дербес өндіруге рұқсат беру жоспарланып отыр. Бұл олардың шығындарын азайтып, жұмыс тиімділігін арттырады. Мемлекеттік құрылымдар Қазақстанның цифрлық активтер нарығындағы әлеуетін жоғары бағалап отыр. Арзан электр энергиясы, кең аумақтар және финтех-компаниялардың шоғырланған орталығы – еліміздің басты артықшылықтары. Егер заңдастыру толық жүзеге асса, Қазақстан жаңа инвестиция тартуға, жұмыс орындарын құруға және бүкіл өңірдегі заңды криптовалюта нарығы бар санаулы мемлекеттердің бірі болуға мүмкіндік алады.

Қорыта айтқанда, Қазақстан криптовалюта нарығын заңдастыру арқылы тек қаржы секторының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ғана емес, сонымен қатар жаңа экономикалық бағыт қалыптастыруды көздеп отыр. Бұл үрдіс дұрыс жүзеге асса, ел цифрлық активтер саласында өңірлік көшбасшыға айнала алады. Алайда басты шарт – реформалардың ашықтығы мен тиімді жүзеге асуы.

> **Бұрын криптовалюта иеленгендер үшін ең қауіпсіз жол – активтерді заңды алаңдарға ауыстырып, салық органдарына қажетті есептілікті өткізу болмақ. Бұл ретте құқықтық тәуекелдерден аулақ болу үшін мамандардан кеңес алған жөн.**

БАҒДАР

27 МАМЫР 2025 | СЕЙСЕНБІ

ОРМАН ҚОРЫ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Мәжілістегі Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті Қостанай облысында көшпелі отырыс өткізді. Жиынның тақырыбы еліміздің орман қорын сақтау, қорғау, дамыту және басқару мәселелерін талқылауға арналды.

Комитет төрағасы Еділ Жаңбыршиннің жетекшілігімен өткен жиынға Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов, Экология және табиғи ресурстар, Төтенше жағдайлар вице-министрлері, Су ресурстары және ирригация министрлігінің өкілдері, Абай, Ақмола, Павлодар, Шығыс Қазақстан және басқа да облыстар әкімдерінің орынбасарлары мен құқық қорғау органдары, облыстық және аудандық мәслихат депутаттары қатысты.

Отырысты ашқан Еділ Жаңбыршин орман алқаптарын ұлғайту қажеттігі туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында берген тапсырмаларын алға тартып, бұл мәселеге Президент ерекше мән беретініне тоқталды.

– Біріншіден, орман – адам ағзасына қажетті таза ауаны, ылғалды және оттегіні қамтамасыз ететін табиғи фильтр. Сондықтан оның сақталуы адам денсаулығы мен өмір сапасы үшін қажет. Екіншіден, Қазақстан ормандары – экологиялық тепе-теңдік пен шөлейттенуге қарсы күресте стратегиялық ресурс қана емес, сондай-ақ биоәртүрлілікті сақтай отырып, елдің табиғи байлығы мен тұрақты дамуына үлес қосатын маңызды ұлттық капитал. Осыған орай елімізде орман алқаптарын және елді мекендерді көгалдандыруды жүйелі түрде іске асыру үшін «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы аясында 2 миллиард ағаш отырғызу көзделген. Бұл жұмыс республика көлемінде, барлық өңірде белсенді жүзеге асырылып жатыр. Дегенмен елдегі орман шаруашылығы саласындағы түйткілді мәселелерге тоқталмай өту мүмкін емес. Қазіргі таңда осы салада бірқатар жүйелі проблема бар. Оларды шешпей, нақты нәтижеге қол жеткізу қиын, – деді депутат.

Көшпелі отырыста орман қорын басқару жөнінде қалыптасқан ахуал бойынша баяндамашылар сөз сөйлеп, пікір алмасты.

Жиында Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Нұркен Шәрбиев 2021-2024 жылдар аралығында мемлекеттік орман қорына 736,8 мың гектар алқапқа 1 млрд 150 млн көшет отырғызылғанын атап өтті. Былтыр техника мен жабдықтарды сатып алуға республикалық бюджеттен 5,4 млрд теңге бөлініп, оған 13 өрт сөндіру машинасы, 45 шағын орман патрульдік кешен, 13 трактор, 82 патрульдік автомобиль және басқа да техника мен жабдықтар сатып алынған.

Отырыс барысында Қостанай облысының мамандырылған табиғат қорғау прокуроры Дамир Аишев тексеріс нәтижесінде орман шаруашылығы мекемесі тарапынан жеке пайдасы үшін, оның ішінде өрт қаупі жоғары кезеңде өрттің шығуына тікелей себеп болған заңсыз ағаш кесуді ұйымдастырған қылмыстар болғанына тоқталды. Қылмыстық істерден бөлек, орман шаруашылығы мекемелері жеке орман дайындаушылар тарапынан болған әкімшілік құқықбұзушылықтарды есепке алмай жасырылғанын баяндап, осындай немқұрайлық орман апатына себеп болатынын айтты.

Сонымен қатар кадр тапшылығына да ерекше мән берілді. Жас мамандардың салаға келуі баяу, ал бұл болашақта кәсіби кадр тапшылығын тудыруы мүмкін екендігі айтылып, жастарды орман шаруашылығына тарту үшін нақты әрі жүйелі қолдау шаралары қажеттігі сөз болды.

Отырыс қорытындысы бойынша Үкіметке және Қостанай, Абай, Ақмола, Павлодар, Шығыс Қазақстан және басқа да облыстар әкімдіктеріне бірқатар нақты ұсыныс жолданды. Атап айтқанда, орман алқаптарын ұлғайту үшін ағаш отырғызуға қолайлы бос жерлерді анықтап, жыл сайын отырғызу көлемін нақты жоспарлау. Орман өрттерінің алдын алу үшін қауіпті аймақтарға заманауи бақылау құралдарын – дрондар мен бейнебақылау жүйелерін енгізіп, өртке қарсы техникаларды жаңғырту, орман өртінен зардап шеккен ағаштарды утилизация жасауды тездету және тағы басқа өзекті ұсыныстар бар.

АЛАМАН АЙТЫС ӨТТІ

Сыр өңірінде «AMANAT» партиясының қолдауымен Қызылорда облысының әкімдігі «Үш дәуірдің астанасы – Қызылорда» атты республикалық ақындар айтысын ұйымдастырды. Дүбірлі дода-да еліміздің түкпір-түкпірінен келген 12 ақын бақ сынады.

Жыр аламанының тізгінін ұстаған Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Аманжол Әлтай өңірде айтыс өнерін ұлықтау бағытында ауқымды жұмыс атқарылып жатқанын атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында келесі 5-ші отырысты осы Сыр бойында, кезінде Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынды. Ел Президентінің алқалы жиында қабылданған тарихи шешімі өнер мен мәдениеттің құтты ұясына айналған киелі топыраққа, өнір жұртшылығына деген ерекше ықыласы мен сенімі деп білемін. Ал бүгін осынау тарихи шаһарда ақындар төл өнеріміздің абыройын асқақтатуда», – деді ол.

Осы орайда Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев айтыс өнерінің мәні мен маңызына тоқталып, топқа түскен сөз сүлейлеріне сәттілік тіледі.

«Сыр топырағынан түлеген ақындарымыз айтыс өнерін дамытуға үлкен үлес қосуда. Өйткені айтыс – мәңгілік киелі мұрамыз! Бүгінгі сөз додасына келген жүйріктерге ел рухын асқақтатудағы елеулі еңбектеріңіз үшін алғыс айтамын. Қазақылықтың қаймағы бұзылмаған, бірлік пен ұлт тұтастығының алтын діңгегіне айналған қасиетті Сыр өңіріне келген қадамдарыңыз құтты болғай! Халықты ізгілікке үндейтін өнердегі шын жүйріктер тыңдарманға келелі ой айтып, тағылымды сайыс жасаңыздар. Баршаңызға сәттілік тілеймін!» – деді аймақ басшысы.

Осылайша, кіл мықтыда кім мықты анықталған аламанда ақындар Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл, Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанына 100 жыл, Ұлы Жеңістің 80 жылдығы, Байқоңыр ғарыш айлағының ашылғанына 70 жыл, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы тақырыптарын жырға арқау етті. Айтыскерлер ортаға орамды ой тастап, жиналған көпшілікті тапқырлығымен таңғалдырды.

«Мұндай супер дода елімізде 1997 жылы өткен еді. Бүгін міне Қызылордада өңірінде ұйымдастырылды. Елімізде 10 мықты ақын болса, солардың барлығы осында. Осындай жыр додасын өткізіп отырған облыс әкімдігіне, «AMANAT» партиясына шынайы ризашылығымды білдіремін. Залда ине шаншар орын жоқ. Сыр өңірі жұртшылығының өнерге деген ықыласы шалқар шабыт сыйлады», – деді ақын Рүстем Қайыртайұлы.

Ал мемлекет және қоғам қайраткері Сауытбек Абдрахманов төрағалық еткен қазылар алқасының құрамында Қазақстанның Еңбек Ері, Қазақстанның Халық әртісі Асанәлі Әшімов, ақын, Қазақстан айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының төрағасы Жүрсін Ерман, ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Ғалым Жайлыбай, Мәдениет саласының үздігі, Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Құдайберлі Мырзабек, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры, жырау Алмас Алматов, сондай-ақ ақын, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мәлс Қосымбаев болды.

Нәтижесінде, аламан айтыстың бас жүлдесі Сара Тоқтамысоваға бұйырды. Жүлделі 1-орын қызылордалық ақын Мейірбек Сұлтанханға, 2-орын Мұхтар Ниязовқа, ал 3-орын Абай облысынан келген Рүстем Қайыртайұлы мен Қарағанды облысының ақыны Мақсат Ахановқа табысталды. Сондай-ақ Жансая Мусина (Батыс Қазақстан облысы) мен Бекарыс Шойбеков (Түркістан облысы) арнайы жүлдемен марапатталды.

«AMANAT» партиясы алдағы уақытта да ұлттық өнерімізді қолдау бағытында атқарылатын ауқымды жұмысты жалғастыра береді.

«AMANAT МЕДИА СЫЙЛЫҒЫ» БАСТАЛДЫ

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні қарсаңында «AMANAT» партиясы журналистерге арналған жыл сайынғы республикалық байқаудың басталғанын хабарлайды.

Ақпарат саласы өкілдерінің әлеуетін арттыруға бағытталған ашық конкурс Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың реформалары, «Еңбек адамы», «Жұмысшы мамандықтары жылы», Taza Qazaqstan, жастардың қоғамдағы рөлі және тағы басқа негізгі тақырыптарды қамтиды.

«AMANAT медиа сыйлығы» бұқаралық ақпарат құралдарының жанрына қарамастан, тақырыптық бағыттар бойынша табысталады.

Сонымен қатар «Алаш аманаты», Шерхан Мұртаза мен Камал Смайылов атындағы «Телевизия үздігі» және белсенді азаматтық ұстаным үшін арнайы жүлделер қарастырылған.

Өтінімдер 23 мамыр мен 17 маусым аралығында қабылданады. Салтанатты марапаттау рәсімі маусым айының соңында, Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні қарсаңында өтеді. Жеңімпаздарға «AMANAT» медиа-премиясы, мүсінше және ақшалай сыйлықтар табысталады.

Байқау жеңімпаздары екі бағыт бойынша он аталымда анықталады.

Тақырыптар бойынша номинациялар:

1) «Еліміздегі реформалар туралы үздік материал»

2) «Еңбек адамы туралы үздік материал»

3) «Жастар туралы үздік материал»

4) «Аймақ туралы үздік материал»

5) «Партия жұмысы туралы үздік материал»

6) «Taza Qazaqstan – экология мен қоршаған ортаны сақтау туралы үздік материал»

7) «ҚР Конституциясының 30 жылдығы туралы үздік материал»

Арнайы сыйлықтар:

1) Шерхан Мұртаза және Қамал Смайылов атындағы «Телевизия үздігі» сыйлығы

2) «Алаш аманаты» сыйлығы

3) «Белсенді азаматтық ұстанымы үшін» сыйлығы

Толығырақ ақпаратты amanatpartiasy.kz сайтынан қарауға болады.

Байланыс телефондары: 8-7172-70-76-25, 8-7172-70-76-28

Электрондық пошта: media_premiya@amanatpartiasy.kz

Қоңыраулар жұмыс күндері, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін қабылданады.

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ ЖОҒАРЫ

«AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов пен партия филиалының атқарушы хатшысы Ләйлә Төрешованың қатысуымен Сырдария және Жалағаш аудандық партия филиалдары жанындағы Саяси кеңес бюроларының отырысы өтті.

Алқалы жиындарда аудандық мәслихаттардағы депутаттық фракцияның есепті кезеңдегі атқарған жұмыстары сараланып, алдағы міндеттер пысықталды.

Жалпы, облыс бойынша мәслихаттардағы 152 мандаттың 125-і, яғни 90 пайыздан астамын «AMANAT» партиясының мүшелері құрайды. Аталған қос аудандағы фракция құрамында 19 партиялас белсенді жұмыс істеп келеді. Әр фракция мүшелері сайлауалды бағдарламаны жүзеге асыруға негізделген жол картасының тармақтарына жауапты ретінде өздеріне жүктелген міндеттерді жүзеге асыруда. Партия алаңдарында жоспарлы қоғамдық қабылдаулар өткізіп, сайлаушылардың өтініштерін оң шешімін табуына ықпал етіп келеді. Фракция мүшелерімен мәслихат алаңдарында жолданған депутаттық сауалдардың да жартысынан астамы нәтижелі орындалуда.

Жиын барысында сөз алған партияның облыстық филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов партияның облыстық филиалымен фракция мүшелерінің жұмысына жүргізілген мониторинг қорытындысына тоқталды.

Мәслихат депутаттарына ел сенімін ақтау парыз, жүктелген үлкен жауапкершілікті атқару абырой, халықтың мүддесін білдіріп, оның игілігі үшін еңбек ету – дәреже. Депутаттардың білікті болып, қызметін жоғары деңгейде атқаруына біз де – партия филиалы мүдделіміз деген филиал төрағасы фракция мүшелерінің алдында тұрған бірқатар міндеттерді атап өтті.

«Депутат – халықтың талап-тілегін, күрделі мәселелерін жоғарыға жеткізіп, оның оң шешілуіне ықпал жасаушы тұлға. Депутаттық қызмет – мансап емес, ол үлкен жауапкершілік. Сондықтан әр депутат жұмыс жоспарына сәйкес жүйелі жұмыс жүргізуі қажет. Оның ішінде халық алдында есеп беріп, бастауыш партия ұйымдарында кездесулер өткізу, партияның сайлауалды бағдарламасының орындалуына бақылау жасау, жеке қабылдаулар өткізіп, сайлаушылар өтініштерінің оң шешілуіне ықпал ету, депутаттық сауалдар, атқарылған жұмыстарды БАҚ пен әлеуметтік желілерде кеңінен насихаттап отыру мәселелері күн тәртібінен түспеу керек. Сәйкесінше, әр тоқсан сайын мәслихаттағы фракцияда, жарты жылда бір рет Саяси кеңес бюросында депутаттардың атқарған жұмыстарының есебі тыңдалуы керек», – деді Алмасбек Есмаханов.

Бюро отырыстарында күн тәртібіне ұсынылған мәселелер толық қаралып, қаулы бойынша тиісті шаралар қабылданды.

Бетті дайындаған Елнар ЕЛТАЙ

ҚОҒАМ

27 МАМЫР 2025 | СЕЙСЕНБІ

ДИВИДЕНД – БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫ ДЕРТІНЕ ДӘРУ

Биылғы республикалық бюджетте дефицит 4,1 триллион теңгені, елдің ЖІӨ-сінің 2,7%-ын құрайды деп жоспарланған-тын. Ресми мәліметке сәйкес, 2025 жылдың екі айында бюджет тапшылығы 3,6 триллион теңгеге – ел тарихында ешқашан болмаған көлемге жетті. Оны өтеу үшін ішкі және сыртқы нарықтан қарыз алынады. Қазынада қаржы жетіспей жатқанда ұлттық компаниялар бюджетке демеу болу орнына табысын өзіне шығындап, мемлекетке төлейтін дивидендін азайтқан. Депутаттар бұл кесірлі тәжірибені өзгертудің амалын қарастырып жатыр.

Елдос СЕНБАЙ

Салада жаға ұстатар жайт жетерлік. Сенаторлардың айтуынша, «ҚазМұнайГаз» АҚ-тың еншілес бір ұйымы акционерлерге дивиденд түрінде беру үшін үш жыл мерзімге 300 миллион доллар займ алған. Яғни, қожайындарына төлем төлеу үшін сырттан қарыз тартқан.

Ал «Қазақтелеком» өз акциясын ұстаған байларға бүкіл табысын дивиденд ретінде үлестіре салды. Салдарынан компанияның құны құлады: 1 акциясының бағамы 59,2 мың теңгеден өткен жұмада 34,2 мың теңгеге (57,6%-ға) дейін құлдилады. Ұлттық телекоммуникациялық компания акцияларының құны «көк тиын» болып қалмау үшін Қазақстан қор биржасына (KASE) сауданы екі күн қатарынан тоқтатуға тура келді.

Freedom Broker сарапшылары «Қазақтелекомның» дәл осы дивиденд төлегені үшін құнсызданғанын атап өтті және төмендеу үрдісі бірнеше күн бойы жалғасатынын болжады. Оның сарапшылары «Қазақтелекомның» шығыны 40%-ға жетеді деп жорамалдаған еді. Өмір шындығы одан «ащылау» болып шықты.

Жалпы, қазақстандық телеком алпауыты 2024 жылғы 74,2 млрд теңге бүкіл таза табысын және бірнеше жыл бойы ешқайда бағытталмай, қордаланған 219,3 млрд теңге кірісін – тұтастай алғанда, 293,6 миллиард теңгені дивиденд ретінде үлестіріп жіберуге шешім қабылдағанын жариялады. Бұл ретте әрбір акция үшін оның иегеріне 26,6 мың теңгеден төленбек.

Өйткені осының алдында «Қазақтелеком» Tele2 және Altel брендтерімен жұмыс істеген өз құрамындағы «Мобайл Телеком-Сервис» (МТС) компаниясын қатарлық Power International Holding холдингіне 1,1 миллиард долларға (шамамен 550 млрд теңгедей) сатқан-тын. Егер осы және басқа миллиардтарын бюджетке аударғанда, қазына қоржыны біршама қампайып қалар еді.

Алайда олай болмады. KASE мәліметінше, «Қазақтелеком» бұл қаржыларды дивиденд ретінде бюджетке емес, акционерлеріне төледі. Атап айтқанда, жүздеген миллиард қаражат тасқынының 9,19%-ын Telecom Systems LTD жеке компаниясы, тағы 9,96%-ын – акцияларды ұстаушы байлар, миноритарлық акционерлер еншілейді. Акцияларының 80,85%-ы «Самұрық-Қазына» қорына тиесілі.

ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯЛАР ҰЙҒАРЫМЫ ҚАНДАЙ?

Өз кезегінде Ranking мониторинг агенттігі 2024 жылдың аяқталғанына біраз уақыт өтсе де, ұлттық компаниялар мемлекетке дивиденд төлеуге мүлдем асықпай отырғанын жария етті. Агенттік Қазақстанда мемлекеттік активтердің, мемлекеттің дүние-мүлкінің басым көпшілігі квазимемлекеттік секторға, ұлттық компаниялар мен холдингтерге бөліп берілгеніне екпін түсірді.

Квазимемсектор өз қызметі барысында сол мемлекеттік мүлікті басқарудан, пайдаланудан тапқан табысының бір бөлігін бюджетке дивиденд түрінде аударуға тиіс. Мысалы, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының еншілес ұйымдарын алсақ. Қордың өзі 2024 жылдың қорытындысы бойынша қанша дивиденд төлейтінін әлі күнге айқындаған жоқ.

«Ал оның бірқатар еншілес ұйымы шешім қабылдап та қойды. Мысалға, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының директорлар кеңесі 2024 жыл үшін акционерге 300 млрд теңге көлеміндегі қаражатты дивидендке бөлуге кеңес берді. Алайда бұл ҚМГ-ның былтырғы бүкіл табысының небәрі 27,4%-ы. Мұның сыртында бұл тек рекомендация ғана: ақырғы шешім әзірге қабылданған жоқ», – деді Ranking сарапшылары.

Олардың айтуынша, дәл осындай ахуал «Қазатомөнеркәсіпке» қатысты қалыптасып отыр. Ұлттық атом компаниясына өзінің қолданыстағы дивидендтік саясатына сәйкес, 327,9 млрд теңгені дивиденд ретінде аударуға ұсыныс түсті. Бұл оның бос ақша ағынының 75%-ына тең. Бұл да тек ұсыныс.

Электр желілерін басқаратын «KEGOC» АҚ-ы 2024 жылдың бірінші жартысы үшін мемлекетке 22,7 млрд теңге ғана дивиденд төлепті. Магистралды электр желілерінің операторы былтырғы екінші жартыжылдық үшін 22,3 млрд теңге бөлуге ниетті. Бұл да тек ниет қана.

«Самұрық-Энерго» мемлекеттік көпбейінді электр энергетикалық холдингі айқындалғандардың арасынан табылды: 2024 жыл үшін 20,6 млрд теңге ғана дивиденд бере алатынын жариялады. Яғни, мемлекетке өзінің таза табысының баржоғы 18,3%-ын қиып отыр.

Азаматтық авиацияның алпауыты, жолаушылар мен жүк тасымалы саласының басым бөлігін қанжығалаған «Эйр Астана» ұлттық әуе тасымалдаушысы да мемлекетке жомарттық танытпады. Ол мемлекеті бар, басқа қожайындары бар – баршасына 2024 жыл үшін небәрі 6,3 млрд теңге дивиденд пен 12,8 млрд теңге арнайы дивиденд қана төлеуге ұйғарды. Air Astana төл акцияларының 41%-ы – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ына, 15,3%-ы британдық BAE Systems (Kazakhstan) Limited корпорациясына, 6,5%-ы – «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына, 37,2%-ы басқа акционерлерге тиесілі екенін мәлімдеді.

Ал «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы мен «Қазпошта» АҚ-ы мемлекетке бір тиын дивиденд төлемеу туралы шешім қабылдады. Басқа ұлттық компаниялар, «Самұрық-Қазына» қорының өзге еншілес ұйымдары әлі күнге бір шешімге келе алмапты.

> **Квазимемсектор өз қызметі барысында сол мемлекеттік мүлікті басқарудан, пайдаланудан тапқан табысының бір бөлігін бюджетке дивиденд түрінде аударуға тиіс.**

КӨКЕЙКЕСТІ МӘСЕЛЕ ДЕПУТАТТАР НАЗАРЫНДА

Осы орайда «Отбасы банк», «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ, «Қазақстан Даму Банкі» АҚ, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры, KazakhExport, «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ сияқты сала алпауыттарын топтастырған, жалпы сомасы 14,1 триллион теңге тұратын мемлекеттік активті басқаратын «Бәйтерек» ұлттық басқару холдингі 2024 жыл үшін айтуға ұят соманы – 61,2 млрд теңгені дивиденд ретінде төледі.

Салыстырсақ, Президенттің, Жоғары аудиторлық палатаның, ақпарат құралдарының тарапынан аяусыз сыналып жүрген «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ өз бетінше бұдан да көп соманы – 67,3 млрд теңгені дивиденд ретінде төледі. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» деген осы.

Айта кету керек, 2025 жылғы 29 сәуірде Президенттің қабылдауында «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингінің басқарма төрағасы Рустам Қарағойшин болды. Сонда ол холдингтің таза табысы 416 миллиард теңгеге жеткенін айтып, мақтанды. Р.Қарағойшиннің айтуынша, бұл қаржыны негізінен мемлекетке бермей, холдингтің компаниялар тобы аясындағы бағдарламаларды іске асыруға жұмсау жоспарланған.

Қорыта айтқанда, қаржылық таршылықтан бюджеттің ортайған шақта ұлттық компаниялар жүздеген миллиард ақшаны әлдеқайда шашып, шалқып өмір сүріп жатқаны байқалады. Депутаттар айтқандай, мемлекетте бюджеттік дағдарыс туындағанына қарамастан, квазимемлекеттік сектор шұғыл көмекке келіп, қуатты қолын созуға, алып иығымен демеуге, ұшан-теңіз табыстарымен бюджетті толтырып беруге мүлдем асығар емес. Тіпті, дивиденд төлегеннің өзінде көз қылып, итке сүйек тастағандай, жалпы табысы түгіл, тап-таза табысының шағын ғана бөлігін бөледі.

Мұндай жағдай халық қалаулыларын қанағаттандырмайды. «AMANAT» фракциясының жетекшісі, Мәжіліс депутаты Елнұр Бейсенбаевтың айтуынша, Үкімет тек салықтық түсімдер бойынша ғана емес, сондай-ақ дивидендтер түсімі бойынша да жұмысты үдетіп, бюджетті толтыруға күш салуы қажет.

– Әзірге фактілер бұл бағытта бюджеттің кіріс бөлігін толықтыру ісінің олқы соғып, ақсап жатқанын паш етеді. Үкімет «Самұрық-Қазына» қорының тобына кіретін кәсіпорын-компаниялар акцияларының 100% иегері, қожайыны саналады. Соған қарамастан, олардан ел бюджетіне түсетін дивиденд түсімдері алдыңғы жылдары таза табысының 10-20 пайызы шамасын ғана құрады. Квазимемлекеттік сектордың таза табысының 90 пайызға дейінгісін қор өз бетінше, қалаған бағыты мен жобасына жұмсайды, – деді Елнұр Сабыржанұлы.

БЮДЖЕТКЕ ЖЕТПЕГЕН ҚАРЖЫ ҚАЙДА?

Аманаттық тағы бір депутат Еділ Жаңбыршин де біраздан бері ұлттық компаниялардан бюджетке алынатын дивиденд мөлшерін арттыру мәселесін көтеріп келеді. Ол Президенттің Үкіметке 2029 жылы республиканың жалпы ішкі өнімін 450 миллиард долларға, ал Ұлттық қорды 100 миллиард долларға жеткізу міндетін қойғанына екпін түсірді. Нысаналы межеге 4 жылдай ғана уақыт қалды.

Бүгінде мұнай бағасы қатты құлдырады, демек қорға құйылатын түсімдер ары қарай азая береді. Әлемдік экономикада рецессия, кері кету белгілері байқалады, ендеше мұнай, метал мен басқа шикізатқа дүниежүзілік сұраныс кемиді. Сондай-ақ адамзат декарбонизация үрдісі аясында бірте-бірте көміртекке тәуелділіктен кетіп жатыр. Бұл ақыр соңында қара алтынға деген жаһандық қажеттілікті «жоқтың қасы» етіп, оның құнын тұрақты, түпкілікті түсіруі мүмкін.

Дәл осы кезде Үкімет «қорға қол салды, бір салғанда мол салды» саясатын жалғастырып, Ұлттық қордан қайта-қайта ақша алып жатыр. Алынған триллиондар көлемі қорға түсетін түсімнен көп асып кетті. Ондағы бүкіл жинақты қотарып алмау үшін бюджет кірісінің басқа көздері қажет. Сондай бір қайнар – квазимемлекеттік сектордағы ағын-тегін табыс «мұхиты».

– Квазимемлекеттік компаниялар 3 триллион таза табыс тапты, соның ішінде «Самұрық-Қазына» – 1,9 триллион, қалғандары – 1 триллион. Осыған байланысты біз: «квазимемлекеттік сектор таза табыстарын 100% бюджетке аударсын!» деп ұсыныс бердік. Үкімет бұған келіспеді. Сонымен бірге алдымызға келгенде: «Ақша жетпей жатыр», – деп еңіргенде етегі жасқа толады. Содан дивиденд бойынша шаманы алдымен 70%-ға, одан 50%-ға түсірдік. Оған да келіспей отыр. Неге екенін айтпайды. Депутаттар бюджетті толтыратын жақсы ұсыныс береді, бұлар қарсы, – деп ашығын айтты Еділ Терекбайұлы.

Қалаулылардың сауалына жауабында Ұлттық экономика министрлігі Үкіметтің түрлі бағдарламаларды «Самұрық-Қазынаның» және «Бәйтеректің» есебінен іске асырып отырғанын нықтады. Олардың бос ақшалары бюджетке алынбағанымен, бәрібір инвестиция ретінде ауыл шаруашылығы салаларын қолдауға, өңдеу өнеркәсібіндегі, шағын және орта кәсіпкерлікке және инфрақұрылымдық жобаларға бағытталады екен.

Бұл бағыттағы бір ілгерілеушілік сол, Мәжілістің табандауы арқасында Үкімет бұдан былай республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті ұсынғанда, ұлттық компаниялардың шығыстары бойынша мәліметті де қоса беруге келісті.

Әйткенмен, «Самұрық-Қазына» әл-ауқат қоры мен «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингіне кіретін компаниялардың таза табысының 90 пайызын бюджетке алып қоюға шенеуніктер келісер емес. Тараптардың келіссөзі жалғасады, күзде Үкімет 2025 жылғы бюджетті қайта қарап, нақтылау жобасымен келмек. Қалаулылар дивиденд мәселесін сонда қайта көтеруге ынтық.

БОЛАШАҚҚА БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ

Астанада «Биоәртүрлілікті сақтау және тұрақты қаржыландыру үшін білім беру» тақырыбында семинар өтті. Іс-шара мемлекеттік органдардың, халықаралық ұйымдардың, жоғары оқу орындарының және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың өкілдерін, сондай-ақ студенттер мен жас мамандарды басын қосты. Сарапшылардың сөзінше, семинар – биоалуантүрлілік саласында кадрларды даярлаудың тұрақты жүйесін қалыптастыру жолындағы маңызды қадам. Ол Қазақстанның ортақ экологиялық болашағы үшін барлық мүдделі тараптардың ынтымақтастыққа дайындығын көрсетті.

Шара барысында БҰҰ Даму бағдарламасының «ЕРТ-да қаржылық жоспарлау» оқыту бағдарламасын енгізу – табиғатты қорғау саласындағы өзекті сын-қатерлер жағдайында дер кезінде қолға алынған және аса маңызды бастама болды. Өйткені аталған бағдарлама тек қажетті дағдылардың орнын толтырып қана қоймай, экологиялық білім берудің жаңа – практикалық және ұзақ мерзімді шешімдерге бағытталған – тәсілін қалыптастыруға ықпал етеді.

«Зерттеу университеті мәртебесіне ие біздің оқу орнымыз халықаралық ынтымақтастықты дамыта отырып, ғылым, білім және қоршаған ортаны қорғауды біріктіретін жобаларға белсенді үлес қосуға ұмтылуда. Табиғат – ең қымбат байлығымыз. Биоәртүрлілікке инвестиция салу – бұл ортақ болашағымызға инвестиция салу. Осы мақсатта біз биоресурстарды тиімді пайдалану мен ұлттық және жаһандық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған білім беру бағдарламаларын, ғылыми зерттеулер мен серіктестіктерді дамытып келеміз. Бүгінгі семинар ғалымдар, сарапшылар, халықаралық ұйымдар мен мемлекеттік құрылымдар өкілдері арасында тәжірибе алмасу, жаңа идеяларды генерациялау және ынтымақтастықты нығайту үшін тиімді алаңға айналады деп сенемін», – деді Қанат Маратұлы.

Шара барысында БҰҰ ДБ мен университет арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Сонымен қатар тұрақты білім беруді дамытуға қосқан үлесі үшін БҰҰ Даму бағдарламасының Қазақстандағы Тұрақты өкілі Катаржина Вавьерняға С.Сейфуллин атындағы ҚазАТЗУ Құрметті профессоры атағы берілді.

Сондай-ақ қатысушылар табиғатты қорғау саласына кадрлар даярлаудағы қиындықтарды талқылап, жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың өкілдері білім беру бағдарламаларын, студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуда және оқытудың жаңа әдістерін енгізуде тәжірибелерімен бөлісті. Сонымен қатар семинарда ағымдағы кадрлық әлеует туралы зерттеу нәтижелері, сондай-ақ экотуризм мен табиғатты қорғауды білім беру процесіне интеграциялау жөніндегі бастамалар ұсынылды.

Әмина МҰХАНБЕТ

КЕМЕЛ КЕЛЕШЕК МЕКЕНІ

Ел Үкіметі «Жайлы мектеп» ұлттық жобасына бірқатар өзгеріс енгізді. Жаңа қаулыда ұлттық жобаны жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары қайта қаралып, мектеп тапшылығын жою мақсатында нақты сандық көрсеткіштер жаңартылды.

Айдана НҰРМҰХАН

ҰЛТТЫҚ ЖОБАНЫҢ ЖАҢА МЕЖЕСІ ҚАНДАЙ?

Соңғы жылдары Қазақстанда демографиялық өсім мен урбанизация үрдісі білім беру инфрақұрылымына елеулі салмақ түсіріп келеді. Ауылдан қалаға жаппай көшу, туу көрсеткішінің артуы, ішкі көші-қон үдерістері қалалардағы мектептердің шамадан тыс толуына әкеліп, білім сапасына тікелей әсер ете бастады. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы еліміздің түкпір-түкпірінде заманауи, қауіпсіз және технологиялық жабдықталған мектептер салуды көздейді. Бұл – оқушылар санының артуы мен апатты мектептер мәселесін шешуге бағытталған ауқымды бастама. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен басталған жоба үш басты міндетті көздейді: мектеп жүктемесін азайту, қала мен ауыл арасындағы теңсіздікті қысқарту және халықаралық стандарттарға сай білім кеңістігін құру.

Алғашқы жоспар бойынша 2023-2025 жылдар аралығында 842 мың оқушыға арналған 401 мектеп салу көзделген. Алайда қаржылық шектеулерге байланысты бұл көрсеткіш 369 мектепке дейін азайтылып, шамамен 740 мың оқушы орны қарастырылды. Үкіметтің 30 сәуірдегі №294 қаулысымен жобаның ауқымы қайта қаралып, мектеп саны 217-ге, ал оқушы орны 460 400-ге дейін қысқарды. Жаңа нұсқаға сәйкес, 2024-2025 жылдары кемінде 460 400 жаңа оқушы орны (екі ауысыммен) іске қосылуға тиіс: 2024 жылы 257 мың жаңа орын іске қосылады (бұған дейін бұл көрсеткіш 260 600 деп жоспарланған болатын). Ал 2025 жылы 203 400 жаңа орын ашылмақ, ескі жоспардан 3 600 орынға артық. Осылайша, 2025 жылдың соңына дейін 217 жаңа мектеп салынып, енгізілетін орындардың жалпы саны 460 400-ге жетеді.

Жоба жаңа орындар ашумен ғана шектелмейді. Оқу үдерісінің қауіпсіз әрі тиімді болуы үшін оқушылар саны көп, үш ауысымда білім алып жүрген мектептер мен апатты жағдайдағы ғимараттарды жою негізгі нысан ретінде белгіленген. Мәселен, апатты мектептердің үлесі 2023 және 2024 жылдары – 0,2%-ға, 2025 жылы 0,1%-ға дейін қысқаруға тиіс. Ал үш ауысымды мектептердің үлесі 2023-2024 жылдары – 1,2%, ал 2025 жылы 0,6% болуы жоспарланған. Ресми деректерге сүйенсек, 2023 жылдың ортасына қарай елімізде 136 мектеп үш ауысымда, ал 71 мектеп апатты жағдайда жұмыс істеген. Бұл мәселе, әсіресе Алматы, Түркістан, Атырау және Маңғыстау облыстарында күрделі күйде тұр. Аталмыш проблема тек білім сапасына емес, балалардың психологиялық және физикалық жағдайына да кері әсерін тигізіп отыр.

Тағы бір маңызды аспект – жаңа мектептердің орналасуы. Қалалық және ауылдық аймақтардағы инфрақұрылым тең дәрежеде дамуға тиіс. Қаулыда бұл көрсеткіштер де нақты айқындалды. 2024 жылы жайлы мектептерді енгізу деңгейі – 50,6%, оның ішінде: қалада – 30,3%, ал ауылда – 20,3%. 2025 жылы бұл көрсеткіш 100% болады деп күтілуде: қалада – 60,9% және ауылда – 39,1%. Яғни, ауыл мектептеріне ерекше назар аударылып отыр. Бұл – ауыл мен қала арасындағы білім беру теңсіздігін жоюға бағытталған нақты қадам. Бұл мектептердің жобалық қуаты 300-ден 2500 оқушыға дейінгі аралықты қамтып, қала мен ауыл арасындағы білім беру теңсіздігін азайтуға бағытталған. Әсіресе, оқушы саны күрт артқан Астана, Алматы, Түркістан, Қызылорда, Маңғыстау облыстары басым назарға алынып отыр.

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» – ЖАҢА ҒИМАРАТ ҒАНА ЕМЕС

Бұл бастама тек жаңа ғимарат салумен шектелмейді. «Жайлы мектеп» ұғымы жылы әрі жарық сыныптар, спорт және шығармашылық үйірмелерге арналған кеңістік, инклюзивті орта және цифрлық технологиялармен қамтылған білім беру процесін білдіреді. Яғни, оқушы тек білім алып қана қоймай, жан-жақты дамуға арналған мүмкіндіктермен қамтамасыз етіледі. Бәлкім содан да болар, жобаның атауын өзгерту жайлы ұсыныс та айтылды.

«Бұл жоба – елімізде орта білім сапасын арттыруға және қала мен ауыл мектептері арасындағы алшақтықты жоюға бағытталған стратегиялық бастама. Бұл — жай ғана мектеп ғимараттары емес, ұлт болашағы өсіп шығатын киелі білім ордалары. Сондықтан ұлттық жоба аясында қалыптасатын білім ұйымдарын «Келешек мектептері» деп атауды ұсынып отырмыз», – деп атап өткен болатын Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев.

Оқу-ағарту министрлігі Орта білім беру комитетінің төрағасы Қаныбек Жұмашевтің айтуынша, жоба аясында тек мектеп салу емес, олардың толық жабдықталуы мен кадрлық құрамына да назар аударылуға тиіс. Себебі жаңа мектептің жайлы болуы тек ғимараттың сапасына емес, онда еңбек ететін мұғалімдердің кәсіби біліктілігіне де байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, жоба елдегі мұғалімдер даярлау жүйесіне де серпін береді деген сенім бар.

«Жайлы мектеп» жобасы аясында салынатын білім ұялары халықаралық стандарттарға сай, заманауи құралдармен толық жарақталады. Әр мектепте химия, биология, физика, IT, STEM, робототехника кабинеттері, шығармашылық студиялар, арнайы еңбек шеберханалары, акт залдары, спорт-залдар мен ойын алаңдары қарастырылған. Бұл – білім алушылардың жан-жақты дамуына мүмкіндік беретін үлкен кеңістік. Инклюзивті білім беру – жобаның басым бағыты. Пандустар, тактильді белгілер, арнайы санитарлық тораптар, психолог, логопед, дефектолог кабинеттері ерекше қажеттіліктері бар балаларға тең білім алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Оқу кабинеттері заманауи интерактивті тақталармен, интернетпен, жеке шкафтармен, таза ауызсу бұрқақтарымен жабдықталып, оқушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне ерекше мән берілген. Жаңа мектептердің құрылымы да ерекше: бастауыш пен жоғары сыныптар үшін бөлек блоктар, жеке спортзалдар мен асханалар жоспарланған. Бұл – оқушылардың қозғалысын тиімді реттеуге, оқыту үдерісін оңтайландыруға бағытталған шешім», – дейді Қ. Жұмашев.

Сарапшылардың болжамынша, «Жайлы мектеп» аясында 53 мың уақытша және 41 мыңнан астам тұрақты жұмыс орны ашылып, әсіресе ауылдық жерлерде халықты жұмыспен қамтуға ықпал етеді. Мұғалімдер мен техникалық қызметкерлерге жаңа мүмкіндіктер ұсынылып, білім саласының кадрлық әлеуеті күшейеді. Ең бастысы, жаңа мектептер – тек білім ордасы емес, сонымен қатар ауыл-аймақтардың әлеуметтік дамуының өзегіне айналады. Жаңа мектеп салу – сол өңірдің инфрақұрылымын дамытып, халықтың тұрақтылығын қамтамасыз етуге жол ашады. Бұл – қала мен ауыл арасындағы мүмкіндіктер алшақтығын жоюға бағытталған нақты әрі тиімді қадам.

Қазіргі уақытта 105 білім беру нысанының құрылысы аяқталған. Қалған 112 мектеп 2025 жылдың соңына дейін пайдалануға беріледі. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру мемлекет тарапынан жан-жақты қаржыландырылып жатыр. Жобаның негізгі шығындары республикалық бюджет пен Ұлттық қор қаражаты есебінен қамтамасыз етілуде. 2023-2025 жылдарға арналған үш жылдық кезеңде жобаға жалпы 1,5 триллион теңге бөлінген. Оның ішінде 500 миллиард теңге – 2023 жылға, 646 миллиард теңге – 2024 жылға, ал 347 миллиард теңге 2025 жылға жоспарланған. Жобаның негізгі операторы ретінде Samruk-Kazyna Construction акционерлік қоғамы бекітілді. Бұл к омпания мектептердің бірыңғай үлгідегі жобаларын әзірлеуге және құрылыс жұмыстарын жүргізуге жауапты. Ал жергілікті атқарушы органдар өз кезегінде жаңа мектептерге арналған жер телімдерін бөлу мен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды қамтамасыз ету міндетін атқарады.

Жаз мезгілі – көпшілік үшін демалыс, ал мектеп түлектері үшін үлкен сыннан өтетін маңызды кезең. Әсіресе, 11-сынып оқушылары үшін бұл маусым демалыспен емес, Ұлттық бірыңғай тестілеудің (ҰБТ) уайымымен өтеді. Оқушылар үшін бұл болашақ мамандығы мен бағытын анықтайтын, тіпті тағдырын шешетін сәт те болуы ғажап емес.

ҰБТ: СЫНАҚ ӘРІ СЕРГЕЛДЕҢ

Әсет ҚАЛИ

Былтыр ғана ҰБТ-ның 20 жылдығы аталып өтті. ҰБТ еліміздегі білім жүйесінің маңызды бір тетігіндей. Оған себеп – жас түлектердің жаппай осы емтиханға дайындалып, 11 жылғы білген-тергенін сынап көруі. Алғашқы жылдары ҰБТ-ның қиыметі талай тағдырдың сынуына әкеп соққаны рас. Бірі шекті балдың қуанышын тойлап жатса, бірі жетпей қалған балдардың күәсі болып жатады. «Қазіргі ҰБТ бөлек», – дейді көп жастар. ҰБТ-ның берілу форматы мен балдық жүйелер жыл өткен сайын өзгеріп жатыр. Әрине, бұл жастардың білім деңгейін жаңа белеске көтеру, жүйедегі ескірген талапты жаңашалау болып табылады.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек ҰБТ оқушыларды болашақ дамуға ынталандыратын бірден-бір құрал екенін алға тартты. «ҰБТ – оқыту үдерісінің маңызды бөлігі. Жиырма жыл ішінде Ұлттық бірыңғай тестілеу жоғары оқу орындарына түсуге қолжетімділік пен ашықтықты қамтамасыз ететін маңызды құралға айналды. Халықаралық стандартқа сай дәл осы жүйе әр түлектің әлеуметтік немесе географиялық жағдайына қарамастан, сапалы білім алуға тең мүмкіндік береді. ҰБТ дегеніміз жай емтихан емес, бұл – бізге таланттарды анықтауға, оқушыларды ынталандыруға, олардың білімге деген құштарлығын арттыруға көмектесетін құрал. Жиырма жылдағы маңызды үдеріс – емтиханның цифрландырылуы. Ендігі міндетіміз – қол жеткізген нәтижелерді сақтап қана қоймай, алға қарай ұмтылу. Өйткені уақыт талабына сай сын-тегеурінге дайын болу өте маңызды», – дейді министр.



Ұлттық бірыңғай тестілеу орталығының мәліметінше, былтыр 211 мың рет ҰБТ тапсырылған. Оның ішінде талапкерлердің 74%-ы қазақ тілінде, 26%-ы орыс тілінде, сондай-ақ 171 адам ағылшын тілінде тестілеуден өткен екен. Аталған талапкерлердің 76%-ы шекті балды жинады. Орташа балға келетін болсақ, ол 68 балды құраған. Ең жоғары балл 138 болып тіркелген еді.

ҚАЗІРГІ ҰБТ БҰРЫҢҒЫДАН БӨЛЕК

Қазіргінің ҰБТ-сы бұрынғыдан өзгеше. Атап өтсек, талапкерлер тестілеу күнін, уақытын және пунктін өздері таңдай алады. Бұл ретте олар екі мүмкіндік үшін бейіндік пәндердің бір ғана комбинациясын белгілейді. Комбинацияларға тоқталсақ, қазіргі таңда талапкерлердің 16%-ы – математика-физика, 16%-ы – биология-химия, 13%-ы – шығармашылық, 11%-ы – математика-информатика пәндерін таңдайды. Соңғы бірнеше жылда алғаш рет талапкерлер ең көп таңдайтын бейіндік пәндер комбинациясы «биология-химия» бағытына қарай өскен. Ал тестілеу форматы өзгеріссіз қалды. Талапкерлер үш міндетті және екі таңдау бойынша екі пәннен тест тапсырады. «Оқу сауаттылығы» мен «Математикалық сауаттылық» міндетті пәндерінен тапсырма саны 5 сұраққа қысқарды. Бұл бейіндік пәндер бойынша сұрақтар санын 40-қа дейін арттыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар бейіндік пәндерде берілген тізімнен сәйкестікті анықтауға арналған 5 тапсырма қосылды. Бұл өгерістер талапкердің өзінің таңдаған пәніне көбірек зейін қойып, болашақта сол бағыт бойынша жұмыс істеуіне ықпал жасайды.

«Осы орайда Ұлттық тестілеу орталығы тест тапсырмаларының сапасына ерекше көңіл бөлетінін айтып өтейін. Мысалы, қаңтар ҰБТ-сында мазмұны бойынша қанағаттандырылған апелляциялық тапсырмалардың саны 49 бірегей сұрақ, ал наурыз ҰБТ-сында – 21 бірегей сұрақ. Әзірлеушілерді, тестілеу бойынша сарапшыларды, ҰТО мамандарын халықаралық тәжірибеге сәйкес тапсырмаларды тиімді әзірлеуге және сараптауға оқыту мақсатында министрлік 350 адам үшін курс өткізді. Көп кезеңді оқыту курсы Дүниежүзілік банктің «Орта білім беруді жаңғырту» жобасы аясында 2023 жылдың қазанынан 2024 жылғы наурыз айына дейін жүргізілді. ҰБТ – үлкен деректер көзі, үлкен тәжірибе жиналды. Бұл курс – ақылды өлшеу және сараптамалық құнды ақпарат беретін тестілеуге көшу бағытында атқарылып жатқан маңызды қадамдардың бірі», – дейді Ұлттық тестілеу орталығының директоры Болатбек Әбдірасылов.

> **211 мың рет ҰБТ тапсырылған. Оның ішінде талапкерлердің 74%-ы қазақ тілінде, 26%-ы орыс тілінде, сондай-ақ 171 адам ағылшын тілінде тестілеуден өткен екен.**

МҮМКІНДІКТЕР БІРДЕЙ МЕ?

Мәжілісінің депутаты Данияр Қасқарауов жас түлектердің баршасының жоғары балл алу мүмкіндігінің жоқ екенін баса айтты.

– ҰБТ білім сапасын шынайы өлшейтін әдіс дегенге өз басым сенбеймін. Себебі бұл тәсіл оқушыларды ойлау, талдау, сөйлеу қабілетін шектейді. Тесттен жоғары ұпай жинасам болды деген оймен жауаптарды жаттап алады. ҰБТ білім сапасына да әсер етіп жатыр. Себебі кейбір мектептің оқушылары 11-сыныпта мүлде сабақ оқымайды. Тестке дайындаламыз деп санаулы пәндерге ғана көңіл бөледі. Қалған сабақты оқымайды. Бұған ұстаздар, мектеп басшылары мүдделі.

Ауыл мен қаланың білім деңгейі жер мен көктей. Қалада қосымша білім алуға, дайындық курстарынан өтуге мүмкіндік өте жоғары. Өйткені білім беретін орталықтар көптеп ашылды. Ал ауыл баласында ондай мүмкіндік өте аз. Бар болған күннің өзінде ауылда тұратын ата-аналардың қалтасына қосымша салмақ салады. Мәселен, ҰБТ-ға дайындайтын орталықтарға баланды беру үшін ай сайын кемі 100 мың теңге төлейсің. Ал ауылдық жер үшін бұл – көп қаражат. Кез келген ата-ана төлей алмайды. Тіпті, төлегеннің өзінде мұндай дайындықтар тек онлайн, яғни қашықтан оқыту арқылы жүргізіледі. Шалғай елді мекендерде интернет желісінің жоқтығын, байланыстың нашарлығын ескерсек, онлайн оқу, дайындалудың өзі қиындық тудырады. Сол себепті ауыл мен қала баласының білім деңгейі бірдей деп айтуға болмайды, – дейді депутат.

Еліміздегі түлектердің емтиханға мүмкіндігі тең дәрежеде екені мәлім. Алайда сол ҰБТ-ға дайындық барысындағы мәселелер бей-жай қалдырмады. Қазіргі уақытта бірыңғай тестілеуге дайындалатын онлайн форматтағы мүмкіндіктер жоқ емес бар. Мәселе тек соны дұрыс қолдануда жатыр.

– Біз тек сапалы және әділ тестілеу өткізумен ғана шектелмейміз. ҰБТ-ға дайындық кезеңінде талапкерлерге қолдау көрсету де басты міндетіміздің бірі. Осы мақсатта тегін онлайн сабақтар, байқау тестілері және қажетті оқу құралдары ұсынылады.

Оқу жылының басында Ұлттық тестілеу орталығының ресми сайтында тест тапсырмаларына негізделген оқулықтар тізімі мен тест жоспары жарияланды. Сонымен қатар Қазақстан тарихы және Дүниежүзі тарихы пәндері бойынша ең маңызды 100 тарихи дата, информатика пәнінен терминдер жиынтығы, қазақ әдебиеті мен орыс әдебиеті бойынша оқуға тиіс әдеби шығармалар тізімі де талапкерлерге қолжетімді етілді, – дейді орталық директоры Болатбек Әбдірасылов.

ҰБТ білім сапасын анықтайтын құрал емес екені жиі айтылып жүр. Дегенмен 11-сыныпты бітіретін әр бала мұны өміріндегі ең шешуші кезең санайтыны тағы рас. Сергелдеңге түсіп сыналар тұс басталғалы жатыр. Бұл сыннан сүрінбей өту үшін балаға ең алдымен біліктілік пен табандылық қажет. Бастысы, өміріндегі жауапты сәтте шалыс баспаса болғаны...

РУХАНИЯТ

27 МАМЫР 2025 | СЕЙСЕНБІ

Бәзіл СҰЛТАНҒАЗЫ, актер:

ҚОҒАМНЫҢ РУХАНИ ЕМШІСІНЕ АЙНАЛҒЫМ КЕЛЕДІ

Ол өзін «режиссер» деп таныстырмауымызды өтінді. Бірақ қалың көрермен Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының актері Бәзіл Сұлтанғазыны режиссер ретінде жақсы таниды. Себебі өнер иесі қойған «Ұйқым келмейді», «Кешкі 7», «Махаббатым сен...» қойылымдары – халықтың ерекше қошеметіне бөленіп, көңілінен шыққан бірегей туындылар. Жалпы, актердің режиссурамен айналысуы қазақ сахнасына жат құбылыс емес. Біз театр өнерінде өзіндік қолтаңбасын қалыптастыра бастаған жас актермен сұхбаттастық.

– Актер болу бала арманыңыз ба? Бұл жолды таңдауыңызға не себеп болды?

– Актер боламын деп кішкентай кезімнен армандаған жоқ. Мен тіпті мектепте жүрген кезде актер болу үшін жоғары оқу орнында білім алу керек екенін де білмедім. Бірақ мектеп қабырғасында көркемсөз оқу байқауларына қатысып, белсенді болып жүрдім. Содан 10-класта Т.Жүргенов атындағы өнер академиясы туралы естідім. Ол жерде актерлерді оқытатынын біліп, қызығушылығым оянды.

ОЙНАҒАН РӨЛДЕРІМДІ БӨЛІП-ЖАРМАЙМЫН

– Өзіңіз ойнаған рөлдердің ішінде ең қиын әрі ең есте қалғаны қайсы?

– Көбінесе театр сахнасында көп рөл сомдадым. Ал киноға түсуді енді бастадым. Театрдағы әр рөл өз қиындығымен, қызығымен келеді. Әр кейіпкердің жан дүниесін ұғу, оның сахнадағы жағдайын қазбалау қажет. Рөлдерімді бөліп жаруға келмейді. 2022 жылы Түркістан қаласында режиссер Әлібек Өмірбекұлы М.Әуезовтің «Қарағөз», Гетенің «Фауст», Шекспирдің «Гамлет» шығармаларын біріктіріп триптих спектакль қойған еді. Сол жерде мен «Гамлетте» Гамлет, «Қарағөзде» Сырым, «Фауста» Фаустың рөлін ойнадым. Шынымды айтсам, сол рөл менің есімде қалатын, ең қиын шыққан рөлім болды. Өкінішке қарай, триптихты тек премьерада ғана ойнадық. Одан кейін бұл спектакль Түркістан музыкалық драма театрының репертуарынан шығып қалды. Ол жерде мен шақырылған актер ретінде жұмыс істегенмін. Сол спектакль, сол образым, сол рөлім өзіме қатты жақын. Әлі күнге дейін ойнағым келетін, сағынып жүрген кейіпкерлерімнің бірі. Одан кейін 2024 жылы режиссер Гүлсина Мерғалиеваның М.Әуезовтің «Қарағөзін» қойып, мен Наршаны ойнадым. Наршаға мені бекіткен сәттен бастап «Қарағөз» шығармасына мүлдем басқа көзқараспен қарадым. Қазір менің сүйіп ойнайтын рөлімнің бірі – осы. Тағы бір есте қалғаны – Пьер Бомаршенің «Фигароның үйленуі» спектаклінде Графтың рөлі. Ол менің табиғатыма қарама-қайшы келетін кейіпкер. Есте қалатын, қиындықпен шыққасын осы үшеуі ойыма түсті. Негізінде рөлдерімді бөліп жармаймын.

– Күнделікті күйбең тіршіліктен қалай демаласыз? Сүйікті хоббиіңіз бар ма?

– Біздің қоғамда күйбең тіршіліктен демалу қиын. Қазір қазақ актерлерінің ең осал тұсы да күйбең тірлік. Біздің мамандықтың бір жақсы жері спектакль процесі, театрдағы уақыт күйбең тірлікті ұмыттырады. Кейіпкердің өмірін терең зерттей бастаған кезде өзіңнің күйбең тірліктегі өміріңнен сәл де болсын алыстайсың. Кейбір өмірлік сұрақтарға кейіпкерлер арқылы жауап табасың. Сондықтан да күйбең тірліктен тек мамандығым арқылы ғана демаламын. Ал тұрақты түрде айналысатын сүйікті хоббиім жоқ. Бірақ қолым босаса, атқа мінгенді жақсы көремін.

– Қандай арманыңызды әлі жүзеге асыра алмай жүрсіз?

– Арманым өте көп. Олар өз сәтімен, жоспарымен орындалып та жатыр. Негізгі арманым – мамандығыммен халқыма пайдамды тигізу. Біздің қоғам актер десе, сауықпен, күлкімен өмір өткізеді деп ойлайды. Мен сол қалыптасқан ұғымды бұзғым келеді. Актер ретінде қоғамның рухани емшісіне айналғым келеді. Мен де біреудің өміріне қолымнан келгенше жақсы әсер етсем деймін.

– Егер актер болмағанда, қандай мамандықты таңдар едіңіз?

– Осы сұраққа мен де жауап іздеп жүрмін. Өйткені өнерге де арман қуып келгенім жоқ. «9-кластан кейін медицина саласына барамын, хирург боламын» деп ойлағанмын. Бірақ отбасымдағы жағдайға байланысты 10-11-сыныпқа қалуыма тура келді. Осылайша, менің мақсатым мүлдем өзгеріп кетті. Мүмкін актер болмағанда, дәрігер болар ма едім. Бірақ қазір ойласам, мен өте эмоционалды адаммын. Сондықтан менен дәрігер де шықпас еді. Сосын әскери азамат болуды да армандағанмын. Бірақ оған да тәртіп керек қой. Ал менің өмір сүру салтым еркін, қазір ойлап қарасам тәртіпке бағынуым да қиын екен.

ТЕАТР ЛАБОРАТОРИЯСЫНЫҢ МАҚСАТЫ – ЕРКІНДІК

– «Генерал болуды армандамаған солдат – солдат емес» деген сөз бар. Ал сіз актер ретінде қандай рөлді ойнағыңыз келеді?

– Болашақта классикаларды ойнағым келеді. Арманым Гетенің «Фаустындағы» Фаусты басқаша көзқараспен қайта ойнағым келеді. Одан кейінгі арманым Шоқан Уәлихановтың образын сомдау. Кинода әртүрлі мінездегі рөлдерді армандаймын.

– Бүгінде Qalleki театр лабораториясының қойылымдары көрермен арасында жиі талқыланып жүр. Лабораторияның алғашқы сахнасы сіздің спектакліңізбен ашылғаны да есімізде. Жалпы, Qalleki зертханасының ашылуына не себеп болды?

– Жалпы, біз Т.Жүргенов атындағы өнер академиясын оқыған кезде курсымызбен түнге дейін дайындық жасау әдетке айналған еді. Кешкі сағат 8-9-да үйге қайтсақ, өзімізді жаман сезінетінбіз. Академияда түнгі 3-4-ке дейін қалып, дайындық жасаудан шабыт алатынбыз. Ал театрға келгеннен кейін бұл жақтың жүйесі басқа. Спектакльдер репертуарға сай қойылатын. Лабораторияның ашылуына осы оқиға әсер етті. Сол кезде театрда жастарға рөлдің берілуі бір жылдай қиын болды. Рөл ойнамадық емес, ойнадық. Бірақ өз қалағанымыздай терлеп-тепшіп, қалаған рөлімізді ойнай алмадық. Бұл менің ғана емес, бізбен қатар келген, бізден бірнеше жыл бұрын театрға келген актерлердің де ойында жүр екен. Солай жүріп, карантинге тап келдік. Шығармашылық тоқырауды да басымыздан өткердік. «Бірдеңе істеу керек» деп театрға «аш» келдік. Қандай материалдар бар деп іздене бастадық. Театр лабораториясын ашу туралы мүлдем ой болмаған. Біздің мақсатымыз процесте жұмыс істеу болатын. Сосын «монологтерден жинап, музыкалық композиция жинаймыз» деген ой болған. Әр актер өздері оқығысы келетін материалды алып келіп, ортаға салды. Осылайша, композицияға кірісіп кетсек те, бұл процесс аяқталмады. Ерсін Айтмұқаш деген актер әкелген Оралхан Бөкейдің «Ұйқым келмейді» шығармасы бәрімізге қатты ұнады. «Ұйқым келмейді» шығармасы бойынша процесті бастап кеттік. Процесс барысы күн өткен сайын қыза түсті. Жарты жылдың қалай өткенін байқамай қалыппыз. Содан театрымыздың сол кездегі көркемдік жетекшісі Қуандық Қыстықбай ағамызға айтып, театрдың үлкендеріне, басқа да актерлерге өзіндік жұмысымызды ұсындық. Осылайша, шығармашылық ізденісімізді көрген Нұркен Өтеуіл ағамыз бастаған топ «театр лабораториясын ашу» туралы идея тастады. Осылайша, бір идея екіншісіне себепші болып, «Ұйқым келмейді» қойылымымен Қаллеки лабораториясының тұсауын кестік.

Жалпы, лабораторияның мақсаты – еркіндік. Репертуар қойылған театрларда еркіндік аздау болады деген түсінік бар. Ал лабораторияда әр актер өзінің қалаған рөлін сомдай алады, өзін басқаша сезінеді. Осылайша, театр лабораториясы актерге өзінің қолынан көп нәрсе келетінін дәлелдейді.

ӨЗІМДІ РЕЖИССЕРМІН ДЕП САНАМАЙМЫН

– Жазушы Оралхан Бөкейдің «Ұйқым келмейді» спектаклі арқылы нені жеткізгіңіз келді?

– Ол кезде мен өзімнің режиссер болатынымды да білмедім. Шынымды айтсам, «нені жеткізгіміз келеді» деген сұрақтан бұрын «біздің қолымыздан не келеді?» деген сұрақ көбірек мазалады. Өйткені «Ұйқым келмейді» жастардың қолынан үлкен дүниелер келетінін дәлелдеу үшін жасалған спектакль болды. Сол себепті мен нені жеткізгім келеді деп қатты ойланбаған екенмін. Бірақ процесс басталып, қойылымның мүсіні, құрылымы пайда бола бастаған кезде спектакльдің махаббат туралы, тазалық туралы екені анықталды. Жалпы, жазушы Оралхан Бөкей адамның көп мән бермейтін ойларын түпсанасындағы дүниелерді алдыңа алып келеді. Ол қойылымда біздің алып қосқанымыз «еңбек» қана. Шығарманың идеясын алдыға тарттық.

– Нұрикамал әніне қойылған «Махаббатым сен..» спектаклі көрерменнің ерекше ықыласына бөленді. Ал қойылым режиссердің өз көңілінен шықты ма? Еңбек ақталды ма?

–Театр лабораториясы «Ұйқым келмейді» қойылымынан кейін Калмыков деген суретші туралы Роза Мұқановның «Сен» деген шығармасын моноспектакль ретінде қойдық. Актриса Нұрия Бөкенбай, музыкамен сүйемелдеуші Айша, актер Әнуар Бектасов ойнады. Спектаклімізді көркемдік кеңеске тапсырдық. Бірақ олар әлі де моноспектакльді жетілдіру керек екенін айтты. Одан кейін Ұлан Қабыл «Жекпе жек» шығармасын қойды. Ол да көркемдік кеңестен өтпей қалды. «Кешкі 7» деген спектакль менің режиссер екенімді түсініп жасаған алғашқы қойылымым. Жанры спектакль концерт. Ол жерде оқылатын монологтердің барлығы актердің өмірінде болған оқиға. Айтылатын әндердің авторлары да актерлердің өздері. Театр сахнасына осындай жанрдағы спектакльді алып келген біз болдық.

Жалпы, мен өзімді режиссермін деп санамаймын. Ол менің хоббиім сияқты. Өйткені мен өзімді сұхбат берген кезде де режиссермін деп таныстырмаймын. Режиссер деп атаса, «режиссер емеспін» деп анық айтамын. Режиссура – манифест. Актер болып жеткізе алмаған дүниемді, айтқым келген ойларды режиссура арқылы жеткіземін. «Махаббатым сен...» спектаклінің бағасын мен емес, көрермен береді. Бірақ мені мазалаған ойларды мен спектакль арқылы айта алдым. Қойылымға 2 ай дайындалдық. Еңбегіміздің ақталғанын немесе ақталмағанын айта алмаймын. Бағасын кейінірек білерміз.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Көктем ҚАРҚЫН

САХНАҒА АРТЫЛҒАН СЕНІМ

Жуырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халқымыздың рухани дамуына үлес қосуға, яғни мәдениет пен өнерге, театрларға қолдау көрсетуге кәсіпкерлерді белсенді түрде атсалысуға шақырды. Қазір елімізде 46 аймақтық театр бар болса, көпшілігінің жағдайы көңіл көншітпейді. Сондықтан олардың кейбіріне кәсіпкерлерден көрсетілетін қолдау керек-ақ.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

«Театр – руханиятымыздың негізгі тірегінің бірі. Ұлттық құрылтайдың Бурабайда өткен отырысында аймақтағы театрларды дамыту туралы нақты тапсырма берілді. Театрлардың көпшілігі толық жаңғыртуды қажет етеді. Кейбіріне жаңа ғимарат керек. Осы жұмысқа кәсіпкерлер мен меценаттарды жұмылдырған абзал. Бұл – әлемде кең таралған тәжірибе. Мұндай жобаларға инвестиция салуға дайын азаматтар аз емес. Мен бизнес өкілдерін руханиятымызды дамыту ісіне атсалысуға шақырамын», – деді Президент.

КӘСІПКЕР РУХАНИЯТҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУІ КЕРЕК

Елімізде өнерге ерекше ықыласы ауып, жанашырлық танытып, музыка мен сахна өнеріне де қолдау көрсетіп жүрген кәсіпкерлер жоқ емес. Мәселен, Алматыда заманауи өнер музейін салуға атсалысқан Нұрлан Смағұлов, «Целинный» заманауи мәдени арт-орталығын салған Қайрат Боранбаев, ASYLTAS TEATRY жобасының негізін қалаған Дулат Тастекей сынды кәсіпкерлердің есімін атауымызға болады. Дулат Тастекей кәсіпкерлікті тек табыс табу көзі емес, қоғамға, ұрпаққа, руханиятқа қызмет ететін сала деген қағиданы ұстанады. Ол еліміздің руханиятының өсуіне үлес қосып келе жатқан ASSYLTAS қоры аясында бірнеше жобаларды жүзеге асырып отырғанын атап өтті.

«Театр – ұлттың рухын, тарихын, болмысын сахна арқылы жеткізетін киелі өнер. Президентіміздің «кәсіпкерлер театр салуға атсалысуы керек» деген үндеуі әрбір кәсіпкер ғимарат тұрғызсын деген тікелей мағына емес. Бұл – кәсіпкерлер қоғамның мәдени өміріне серпін берсін, халық пен өнерді жақындатуға үлес қоссын деген мағыналы үндеу деп түсінемін. Осы бағытта ASSYLTAS қорының аясында ASYLTAS TEATRY жобасын құрдық. Соңғы екі жыл ішінде төрт пьеса дайындап, бірнеше рет гастрольдік сапарға шығып, ауыл халқымен сахна арқылы тілдесіп келеміз. Бұл – біз үшін мақтаныш қана емес, рухани жауапкершілік. Президентіміздің бұл бастамасын толық қолдай отырып, осындай жобаларымыз арқылы оны іс жүзінде жүзеге асырып келеміз.

Президенттің «Қазақстандықтар көбірек кітап оқуы керек, ал кәсіпкерлер театр салуға атсалысуға тиіс» деген сөзі – еліміздің мәдени және рухани дамуына бағытталған өте маңызды әрі орынды үндеу деп санаймын. Кітап – адамның ой-санасын кеңейтетін, қоғамды ілгерілететін басты құрал. Өзім де ауылдан шыққан азамат ретінде өмірімді өзгерткен басты нәрсе – кітап пен білім екенін жақсы білемін. Сондықтан ASSYLTAS қоғамдық қоры арқылы биыл Абай облысындағы ауыл мектептеріне 14 000-нан астам кітапты тегін табыстадық. Бұл – біз үшін тек демеушілік емес, бұл – болашақ ұрпаққа рухани инвестиция», – деді кәсіпкер.

ҮНДЕУ – ТЕАТРДЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙНАЛЫМҒА ТАРТУДЫҢ БАСТАМАСЫ

Заманауи технологиялармен жабдықталған «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры, Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ Ұлттық музыкалық драма театры, С.Мұқанов атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық қазақ музыкалық драма театры, Түркістан музыкалық драма театрларының ғимараттары мемлекеттің қолдауымен тұрғызылса, Алматыдағы «АРТиШок», Б.Омаров атындағы «Жас сахна», Шымкеттегі «17 жастар» театрлары тікелей жеке кәсіпкерлердің көмегімен бой көтерді. Алайда өнертану кандидаты, профессор Анар Еркебай тек ғимарат емес, театрлар қоятын репертуар да қолдау арқылы көрерменге жететінін ескеру керегін айтты.

«Театр – бұрыннан қалыптасқан драма, балет, опера, мюзикл жанрларымен қатар, физикалық театр, иммерсивті театр, перформанс, site-specific театры сияқты жаңа формалар арқылы көрерменмен терең қарым-қатынас орнататын тірі өнер алаңы. Сондықтан кәсіпкерлердің бұл салаға инвестиция салуы тек қаржылай демеу емес, мәдени эволюцияның маңызды факторы. Қазақстанда бұл бастаманы іске асырудың бірнеше жолы бар. Ең алдымен, public-private partnership (PPP) моделі аясында мемлекет пен жеке сектор арасындағы тиімді ынтымақтастық механизмін жолға қою керек.

Президент сөзіне жаңаша көзқараспен қарасақ, кәсіпкерлер театрға тек ғимарат тұрғызу арқылы емес, репертуар саясатын дамыту, театр труппаларының гастрольдерін қаржыландыру, ұлттық және халықаралық фестивальдерге қатысу, копродукцияларды жүзеге асыру, тіпті мамандардың шетелдік тағылымдамаларға барып, тәжірибе алмасуына қолдау көрсету арқылы да үлкен үлес қоса алады. Бүгінгі жаһандану дәуірінде мемлекетті танып-білудің алғашқы қадамы – оның мәдениетіне үңілу. Осы тұрғыдан алғанда, театр бір елдің рухани айнасы, тарихи жады мен заманауи ойлау қодтарының көркем трансляторы», – деді театртанушы Анар Еркебай.

Елдар ҚАБА (коллаж)

Сонымен қатар өнертану кандидаты А.Еркебай елімізде кәсіпкерлер тарапынан театрға қаржы салудың төмен деңгейде болуын нақты екі себеппен түсіндірді: мәдени инвестицияның қайтарымы ұзаққа созылуы және өнер мен бизнес арасындағы түсіністік жетіспеушілігі. Айтуынша, мұндай олқылықтарды жою үшін art patronage (өнер қамқоршылығы) мәдениетін дамыту, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік аясында театрды қолдау тәжірибесін насихаттау қажет, бұған қоса, theatre co-production жүйесін енгізу өңірлік және халықаралық әріптестікке жол ашады. Өнер ордаларының, соның ішінде театрларға кәсіпкер тарапынан қолдау көрсету әлемнің дамыған елдерінде қолға алынған үрдіс. Мұндай жүйеде бизнес өкілдері театрмен тек әріптестік орнатып қана қоймай, театр арқылы өз брендін де жарнамалай алады.

«Батыс елдерінде кәсіпкерлер мен ірі корпорациялар театр саласына белсенді қатысады. Мысалы, Нью-Йорктегі Broadway сахналарының көпшілігі жеке инвестициямен қаржыландырылады. Ал Ұлыбританияда Ұлттық театр секілді мемлекеттік мекемелерге қоса, тәуелсіз фринж театрлары кәсіпкерлердің кең қолдауына ие. Президент Қ.Тоқаевтың бұл үндеуі театрдың әлеуметтік рөлін арттырумен қатар, оны экономикалық айналымға тартудың маңызды бастамасы. Бұл үшін мемлекет пен кәсіпкерлер арасында мәдени консенсус пен шығармашылық әріптестік орнауы қажет. Театр тек өнер емес, ол қоғамның ойлау жүйесін, эстетикалық талғамын, тіпті саяси мәдениетін қалыптастыратын қоғамдық сана лабораториясы. Сондықтан онымен айналысу тек бір тараптың ісі емес», – деп сөзін түйіндеді Театр сыншылары бірлестігінің төрайымы А.Еркебай.

ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКАҒА ЕРЕКШЕ НАЗАР АУДАРЫЛУДА

«Мәдениет мекемелерінің жұмысына тың серпін беретін бастама жүзеге асса, ұлттық өнерге деген құрмет те жоғары деңгейге көтеріледі» дейді өнер майталмандары. Қазақстанның Халық әртісі Майра Ілиясова қазіргі руханият ордаларының кейбірі меценанттардың көмегімен қайта тұрғызылғанын айта келе, қолдау тек театрға емес, өнер иелеріне де көрсетілуі керек дегенді алға тартты.

«Қалталы азаматтар бұған дейін де білімге, өнерге қолдау көрсетіп, көмек беріп келді ғой. Енді солар неге театрдың деңгейін биікке көтеріп, жағдайын жақсартуға үлес қоспасқа! Бұл – керемет бастама. Кеше ғана ерекше дауыс иесі, бір ғасырда бір туатын Қайрат Байбосынов «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын алды. Оның жеке өнер мектебінен талай талантты балалар шығып жатыр. Осыдан 5 жыл бұрын мен де «Дәстүрлі музыка, фольклорлық-этнографиялық театр» салынса деп ұсыныс айтқан едім. Әлі де ойымда жүр. Өйткені мәдениетімізге қолдау көрсету арқылы жас ұрпақтың да өнерге деген тынысын аша аламыз. Театр рухани орда ғой. Соңғы екі жылда дәстүрлі музыкаға ерекше назар аударып келеміз, жылына бір рет тойланатын Наурыз мейрамы да 10 күнге созылды. Сондықтан театрды да адам көп келетін орынға айналдырамыз десек, олар қоятын репертуарынан бөлек, ең алдымен, келушілер қызыға қарайтын сыртқы ғимараты да көз тартып тұруы керек», – деді Майра Ілиясова.

Кәсіпкерлердің театрларға қолдау көрсетуі – бұл тек бір ұйымға қаржылай көмек беру емес. Бұл – болашақ ұрпаққа, мәдениетті, өнерді бағалайтын қоғам қалыптастыруға жасалған инвестиция. Театр арқылы қоғамның талғамы, санасы қалыптасады.

АЙМАҚ

27 МАМЫР 2025 | СЕЙСЕНБІ

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ

Сыр халқы Үкімет отырысында қабылданған «Қорқыт Ата» арнайы экономикалық аймағын құру туралы бастамасын зор ықыласпен қолдап отыр. Бұл экономикалық реформа бірінші кезекте инвестиция тартуға, өндірістік қуатты арттырып, өңірдің экспорттық әлеуетін дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашады деп күтеді.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Негізінен, арнайы қаулы Премьер-Министр Олжас Бектеновтің Қызылорда облысына жұмыс сапары барысында берілген тапсырмаларын орындау мақсатында әзірленіп отыр. Осы бағытта Қызылорда қаласындағы жаңадан ашылған халықаралық әуежай терминалының жанынан 550 гектар аумақ белгіленген.

Жалпы, Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін беретін өміршең жобалар мен ауқымды бастамалар тұрақты түрде жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде мұндай реформа Қызылорда облысының тарихында бұған дейін де жүзеге асырылды. Нақтысын айтқанда, Президенттің 1996 жылғы 8 қазандағы №3123 Жарлығына сәйкес Қызылорда арнайы экономикалық аймағы құрылған болатын. Алайда бұл реформа қолданыста көп болмады. Нақтысын айтқанда, 2007 жылға дейін қабылданған бұл реформа түрлі экономикалық және құрылымдық себепке байланысты тек 1999 жылға дейін ғана жұмыс жүргізді. Дейтұрғанмен, осы қысқа мерзім ішінде Сыр өңірінде экономикалық аймақ құру идеясының өзектілігін ашып көрсете алды. Оның маңызын сол реформаны жүзеге асыру кезеңінің басы-қасында жүрген сарапшылар да жоққа шығармайды.

Бұл сол бір тоқырау кезеңінде тығырықтан шығудың басты жолы ретінде қарастырылғаны белгілі. Яғни, жаппай жекешелендіру үдерісі жүріп жатқан уақытта экономикалық реформа арқылы кәсіпкерлікті дамытуға қолдау жасай отырып, халықты кәсіпкерлікке жұмылдыру көзделді. Сол кезеңде әкімшілік кеңес төрағасының орынбасары болған Нәжмәдин Мұсабаев экономикалық реформа облыс дамуына оң серпін бергенін алға тартады.

«Еліміз Тәуелсіздігін алып, нарықтық экономикаға қадам басқан тұста ел экономикасында көптеген өзгеріс орын алды. Одақтық қатынастар тоқтаған алғашқы жылдары бәріне қиын болды. Ол уақытта басқасын айтпағанда, елде азық-түлік тапшылығы сезілді. Тіпті, нанның өзін кезекке тұрып алатын күйге жеткеніміз ел есінде. Сол тоқырау кезеңде алғаш рет шаштараз бен аяққиім жөндеу шеберханасын жекешелендіріп, куәлігін табыстаған кез де дәл бүгінгідей көз алдымда тұр. Бұған қоса, жәрмеңкелер өткізіп, елді мекендерде, білім ордалары жанынан кіші цех пен ферма ашыла бастады. Ол кезде облыс әкімінің орынбасары қызметін атқаратын едім. Соған орай елді қиындықтан алып шығудың барлық тетігі қарастырылды. Соның негізінде Қызылорда қаласы арнайы экономикалық аймағын құруға шешім қабылданды. Бұл уақытта Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары лауазымын атқардым. Осылайша, Қызылорда қаласы аумағында құрылған АЭА арқылы облыс орталығына жеткізілетін барлық тауар, құрылыс материалы, техника мен өндіріс өнімдері жеңілдетілген кедендік салық төлеуге мүмкіндік алды. Яғни, өнірімізде өндірілмейтін азық-түлік өнімдерін, құрылыс тауарларын сырттан жеткізуге көптеген жеңілдік жасалды. Соның арқасында басқа өңірлермен салыстырғанда Қызылорда облысында өрлеу байқалды», – дейді сарапшы.

Архив деректеріне зер салсақ, экономикалық реформа 1997 жылы жоғары қарқында жүргізіле бастады. Сол жылы аталмыш арнайы аймақтың Әкімшілік кеңесінің Жарғысы бекітіліп, оны басқару құрылысы нақтыланады. Соның негізінде қала әкімі – Қызылорда арнайы экономикалық аймағы Әкімшілік кеңесі төрағасының іс-қимыл жоспары, Қызылорда АЭА-ның 1997 жылға арналған бюджеті бекітіледі. Сонымен қатар 1997-2000 жылдарға арналған шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту және қолдау бағдарламасы қабылданды.

> **Жалпы, Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін беретін өміршең жобалар мен ауқымды бастамалар тұрақты түрде жүзеге асырылып келеді.**

Ол уақытта Қызылорда арнайы экономикалық аймағы 821 шаршы километр жерді құрады. ҚАЭА-ға тиесілі әкімшілік-аумақтық құрылымы 8 әкімшілік бірлікке кірді. Оның құрамында Қызылорда қаласынан бөлек, Тасбөгет, Белкөл қыстағы мен қала іргесіндегі 5 ауылдық округ болды.

Сол кезеңде ҚАЭА-да Қызылорда қаласындағы кәсіпкерлікті дамыту, шағын өндіріс орындарын өркендетуге жағдай жасау, халыққа қызмет көрсету саласындағы шағын кәсіпкерлікті дамыту, бизнесті қолдау инфрақұрылымын ілгерілету секілді бағыттарға басымдық берілді. Сол сияқты инвестициялық ахуалды арттыру негізінде құны 35,5 млн АҚШ доллары болатын 65 бизнес-жоба әзірленіп, оған шетелдік инвесторлар тартылып, ауқымды жұмыс атқарылды. Өнірде 8 бірлескен кәсіпорын табысты жұмыс жасады. Осындай жұмыстар нәтижесінде аймақтағы өңдеу кәсіпорындарында өнімдер көлемі едәуір артты. Бұл – бұған дейін өңірде қабылданған экономикалық реформа аясында атқарылған қыруар жұмыстың бір парағы.

Сыр жұртшылығы биылғы «Қорқыт Ата» АЭА-дан да осындай жемісті нәтиже күтетіні жасырын емес. Осыдан 30 жылға жуық уақыт бұрын жинаған тәжірибеге сүйене отырып, аймақтың әлеуетін арттыруға негіз болатын тың бастамалар жүзеге асырылатынына сеніммен қарайды.

Жалпы, бұл жолғы мақсат – өңірге инвестиция тарту, салық түсімдерін азайту, жаңа жұмыс орындарын құруға негізделген. Сонымен қатар өнеркәсіп орындарын құру және көліктік-логистикалық әлеуетті дамыту есебінен нарықты сапалы және бәсекеге қабілетті өніммен қамтамасыз етуге басымдық беріліп отыр.

Негізінен, бұл жолғы «Қорқыт ата» арнайы экономикалық аймағының құрылымына 3 ішкі аймақ енгізілген. Атап айтқанда, авиацияға қызмет көрсету, көтерме-бөлшек сауда, қоймалау және сақтау аймағы мен өнеркәсіптік аймақ кіреді. Арнайы экономикалық аймаққа құрылыс индустриясы, жеңіл өнеркәсібі, машина жасау, көлік-логистика, технологиялар мен инновациялар салаларындағы инвестициялық жобалар жоспарланып, жеңіл өнеркәсіп саласы бойынша жүн және тері өңдеу, киім өндірісі, тоқылмаған материал өндірісінің тізбесі енгізілген. Экономикалық реформаға қатысушыларға белгіленген заңнамаға сәйкес салықтық және кедендік жеңілдіктер қарастырылып отыр.

«Қызылорда қаласында жаңадан ашылған «Қорқыт ата» халықаралық әуежайының терминалы жанынан арнайы экономикалық аймақ құру шешімі құптарлық іс деп ойлаймын. Бұл бірінші кезекте қаламыздың экономикалық әлеуетінің артуына, өсіп-өркендеуіне зор ықпалын тигізеді деген үміт зор. Аталмыш аумақта инветиция тарту арқылы ауқымды жобалар жүзеге асырылып қана қоймай, қосымша жұмыс орындарының ашылуы көпшілік қауымның ертеңге деген сенімін еселей түскені анық. Осы арқылы Қызылорда халқын жұмыспен қамтып, өңірде кәсібін өрістетуге мүдделі кәсіпкерлерге де бар жағдай жасалады деп күтілуде. Сондықтан бұл бастаманы қолдаймыз және оң нәтиже болтынына сеніммен қараймыз», – деп ойын жеткізді Нәжмәдин Түрікбенұлы.

Жалпы, аталмыш стратегиялық жоба Қызылорда облысының экономикалық дамуына тың серпін береріне сенім зор. Оның ішінде аймаққа ірі отандық және шетелдік инвесторлар тарту, жаңа өндірістік қуаттарды іске қосу, 3 000-нан астам жаңа жұмыс орындарын ашу мен облыстық экспорттық және көліктік әлеуетін күшейту жоғары маңызға ие. Осы арқылы Қызылорда өңірін Қазақстанның логистикалық және өндірістік картасында жетекші орынға шығарады деп күтілуде. Сондықтан Сыр халқы экономикалық реформаның келешегіне зор үмітпен қарайды.

«ДАМУ БАЛА» ДАУҒА ҚАЛДЫ

Шымкент қаласында балаларға арналған үйірмелерді қолдау мақсатында жүзеге асып жатқан «Даму Бала» жобасы төңірегінде дау шықты. Жоба аясында жұмыс істеп жатқан бірқатар кәсіпкерлер мен ата-аналар 1 шілдеден бастап енгізілуі мүмкін жаңа талаптарға наразылық білдіріп, Шымкент қаласы әкімдігінің алдына жиналды. Олар бағдарламаның шарттары өзгеретін болса, көп үйірме жабылып, мыңдаған бала қосымша білім алу мүмкіндігінен айырылады деп алаңдайды.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Наразылық танытқан кәсіпкерлердің айтуынша, жаңа ережеге сәйкес мемлекет тарапынан әр балаға бөлінетін қаржы көлемі үш есеге қысқарады. Бұған қоса, үйірмелерге қойылатын талаптар да күшейген. Соның ішінде жаттығу өтетін ғимараттың жеке болуы, қауіпсіздік мақсатында дабыл түймесі мен турникет орнату секілді талаптар бар. Мұндай талаптарды орындау кәсіпкерлердің иығына қосымша салмақ түсіреді. Кәсіпкер Жансая Жамалбек бұл өзгерістер кәсіпкерлерді тығырыққа тірейтінін айтады: «Бастапқыда мемлекеттен бөлінген қаржы үйірмелердің шығынын жабуға жеткілікті болатын. Енді тарифті үш есе қысқартпақ. Бұл біздің тек 20-30 пайыз шығынымызды ғана жабады. Қалғанын ата-аналар есебінен алуға мәжбүр боламыз. Бұл – жобаның мәнін жоятын шешім», – дейді ол.

Кәсіпкерлердің айтуынша, жаңа шарт күшіне енсе, үйірмелердің басым бөлігі жабылуға мәжбүр болады. Бұл әсіресе әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар үшін ауыр соққы. Баласын ақылы үйірмеге беруге мүмкіндігі жоқ ата-аналарға бұл үлкен мәселе.

Би мектебінің жетекшісі Светлана Долина да өз алаңдаушылығын білдіріп, ғимаратты жалға алу, мұғалімдердің жалақысын төлеу үшін қосымша қаражат қажет екенін айтады. «Егер мемлекеттен бөлінетін қаржы көлемі қысқарса, ата-аналардан қосымша төлем алуға тура келеді. Бұл жағдайда көп бала үйірмеге мүлде қатыса алмайды. Қазірдің өзінде 13 мың бала кезекте тұр. Бірақ олардың бірде-бірі алға жылжыған жоқ», – дейді ол.

Ал Шымкент қаласы әкімдігі кәсіпкерлер мен ата-аналар көтерген мәселе жөнінде түсініктеме берді. Қала әкімінің орынбасары Сәрсен Құранбектің айтуынша, жаңа тарифке қатысты нақты шешім әлі қабылданбаған. Дегенмен, қаржы көлемі айына 15 мың теңгеден төмен болмайды деп сендірді. «Біз кейбір орталықтарда ресми түрде тіркелген балалар саны 4 600 болғанымен, іс жүзінде тек 1 000-ға жуық баланың қатысып жүргенін анықтадық. Осы себепті бағдарламаның ашықтығын қамтамасыз ету үшін скоринг жүйесін енгізуді жоспарлап отырмыз. Аталған талаптар заң аясында және барлық ұйымдарға бірдей қойылады», – деді ол.

> **Кәсіпкерлердің айтуынша, жаңа шарт күшіне енсе, үйірмелердің басым бөлігі жабылуға мәжбүр болады. Бұл әсіресе әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар үшін ауыр соққы. Баласын ақылы үйірмеге беруге мүмкіндігі жоқ ата-аналарға бұл үлкен мәселе.**

Қазіргі таңда «Даму Бала» жобасының жаңа талаптары ресми түрде бекітілмеген. Дегенмен кәсіпкерлер мен ата-аналар өз пікірлерінің ескерілгенін қалайды. Олар бағдарламаның тиімділігін тек кәсіп иелері ғана емес, мыңдаған бала да сезініп отырғанын алға тартады. Егер талаптар күшейіп, қаржыландыру қысқарса, әсіресе көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балалары үйірмелерден тыс қалуы әбден мүмкін. Бұл тек қосымша білім беру саласы емес, жалпы балалардың дамуына, әлеуметтенуіне кері әсер ететіні сөзсіз.

Кәсіпкерлер үмітін үзбей, билік өкілдерінің бұл мәселеге түсіністікпен қарап, бірлесіп шешім табуына сенім артып тарқасты. Ал әзірге олардың басты талабы – «Даму Бала» бағдарламасының бастапқы мақсаты мен мәнін жоғалтпай, балалар үшін қолжетімді күйде сақталуы болып отыр.

Айта кетейік, жалпы балалардың шығармашылық және спорттық үйірмелерге тегін қатысуын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылып жатқан осынау «Даму бала» бағдарламасы аясында үнемі мәселелер туындап жатады. Мұның алдында ғана тіркеу жүйесіндегі қиындықтар бойынша дау шығып, аталар мен кәсіпкерлер әкімдік алдына келген. Тіркеу платформасы іске қосылғаннан кейін аз ғана уақыт ішінде бірнеше мыңнан астам орын үлестіріліп кеткен, бұл көптеген ата-аналардың тіркеле алмауына себеп болды.

Естеріңізде болса, бұл бағдарламаның бұрынғы атауы Artsport жобасы болатын. Балалардың болашағы үшін тәп-тәуір басталған жобаның соңы сиырқұйымшықтанып, осынау жобаға бөлінген қаржыны жымқыру әрекеті барлық өңірде әшкереленіп, талай лауазымды тұлға қамауға алынды. Яғни, қағаз жүзінде бар, іс жүзінде жоқ талай кәсіпкерлік әшкереленді. Бағдарлама дұрыс жүйеленбей, бөлінген қаржы оңды-солды шашылған кездер де болды. Соңы шиқаланып кеткен жобаның қазір атауы өзгеріп, «Даму бала» болғанымен мақсаты бір. Дегенмен бұл бағдарламаның да басынан дау арылмай-ақ қойды.

Азия чемпионаты алдындағы дайындық кезінде Мөлдір Жаңбырбайдың қызымен бірге татамиде жүргеніне сүйсінген жан көп еді. Кейіннен «барған жеріңнен жүлдесіз қайтпа» деген көптің тілегі қабыл болды. Ал чемпионат кезінде Әсел Қанайдың қайсар мінезі талайды тәнті етті. Аяғындағы жарақатына қарамай, шығып, жеңісті жұлып алды. Сол сияқты Софья Берульцеваның командасындағы қыздарға рух беріп, әр кездесуге шешуші сайыс ретінде қарағаны таңдай қақтырды.

ТАШКЕНТТЕГІ ТАРИХИ НӘТИЖЕ

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

МІНЕЗ БЕН РУХ

Иә, еліміздің каратэ құрамасы – Азияның үздігі. Ташкент қаласында өткен Азия чемпионатында каратэшілер 29 елдің ішінен бірінші орынға шықты. Ұлттық құрама 4 алтын, 1 күміс, 5 қола медаль еншіледі. Екінші орында Жапония (3 алтын, 5 күміс, 4 қола), үздік үштікті үш алтынмен Вьетнам түйіндеді. Осылайша, тарихта тұңғыш рет қоржынға төрт алтын медаль түсті. Ұлттық құрама осыған дейін жалпы есепте бір рет топ жарған. 2023 жылы Малайзияда командаға 1 орын үшін 3 алтын жеткілікті болған. Биыл сары құрлық чемпионатында таңдаулы 421 спортшы қатысты.

Бесінші алтын түсер ме еді, кумитеден қыздар құрамасына сәл ғана сәттілік жетпей қалды. Әйтпесе, олардың бойыннан жігер мен жалынды байқамау мүмкін емес. Олай болмағанда жартылай финалда Иранннан жеңісті жұлып алмас еді. Ұлттық құрама сапында Софья Берульцева, Дайяна Даренская, Николь Ценгель мен Нұрия Тізімбай соңына дейін айқасты. Иран қыздары да барын салып, екі кездесу бойынша тең есеп тіркелді. Шешуші кездесуде Токио Олимпиадасының қола жүлдегері Софья Берульцева қарсыласын айқын басымдықпен ұтты. Жеңіске жете салысымен, командаластарын құшақтап, «Алға Қазақстан» деген дауысы арена ішінде жаңғырды. Қыздардың қуанышында шек болған жоқ. Алтынға, үлкен арманға бір қадам қалған-ды. Алайда финалда Вьетнам қыздары қырағы қимылдап, алтынды қолдан бермеді. Десе де, күміс медальдің сыңғыры ұзақтан естілгеніне жанкүйер қуанып, бапкер мақұлдады.

Қыздар жайлы әрі қарай жалғасақ. Бәрін айтта бірін айт, Әселдің кіші финалдағы күресін айт. 61 келіде өнер көрсеткен отандасымыз жартылай финалда өзбек қызымен өткен жекпе-жекте жарақат алып қалды. Аяғы ақсап тұрса да, соңына дейін берілген жоқ. Алайда финалға шыға алмады. Есеп 3:3 өзбек қызының пайдасына шешілді. Ауырсынуға қарамай, Малайзия спортшысымен жекпе-жек өткізді. Қызығы, татамиде аяғын сылтып басқан Әсел жоқ. Бойды кернеген намыс па, тістеніп тұрып барынша шабуылдады. Нәтижесінде, қарсыласқа ұпай бермей, қола медаль иеленді. Кездесу аяқталып, бапкерге қарай аяңдағанда ет қызуы басылып, ауырсынғаны білініп-ақ тұрды. Бапкеріне жете бере, егіліп жылады. Мұны көрген жанкүйер таңданысын жасырмады. Әселге тұрып қол соғып, намыспен күресу осындай болады десті.

Әсел Қанайдан басқа, Мөлдір Жаңбырбай (-50 кг), Данияр Юлдашев (-84 кг), Диас Ұлбек (+84 кг), кумитеден Қазақстан ерлер құрамасы қола медаль алды. Соның ішінде Диас Ұлбек ересектер арасындағы Азия чемпионатында алғаш рет жүлдеге ілікті. Аса ауыр салмақтағы қола медаль үшін үнді спортшысынан айласын асырды.

ҚОРЖЫНДА – ТӨРТ АЛТЫН

Каратэден Ұлттық құраманың бас бапкері Дархан Асаділов чемпионаттан кейін «жүлде алуы керек спортшылар айтқанын орындады» деді. Жастар да өздерін барынша көрсеткенін, алда тыңғылықты дайындалып, Ұлттық құрамадағы қыз-жігіттердің орнын басар резерв барын атап өтті. Оның айтуынша, Азия чемпионы атанған спортшыларымыз күздегі әлем чемпионатына жолдама алды. Ал қалған каратэшілеріміз алдағы іріктеу турниріне дайындалады.

> **61 келіде өнер көрсеткен отандасымыз жартылай финалда өзбек қызымен өткен жекпе-жекте жарақат алып қалды. Аяғы ақсап тұрса да, соңына дейін берілген жоқ. Алайда финалға шыға алмады. Есеп 3:3 өзбек қызының пайдасына шешілді. Ауырсынуға қарамай, Малайзия спортшысымен жекпе-жек өткізді. Қызығы, татамиде аяғын сылтып басқан Әсел жоқ. Бойды кернеген намыс па, тістеніп тұрып барынша шабуылдады.**

Бас бапкер нұсқаған жүлдеден үмітті спортшының бірі Жоламан Биғабыл еді. Айтқандай, ол кумите бағдарламасында 55 келіге дейінгі салмақтың финалында өзбек спортшысы Собитхон Қосимовты ұтты. Бұл – Ташкент татамиіндегі алғашқы алтын еді. Одан кейін 75 келдідегі Нұрқанат Әжіқанов болса, финалда Иран елінің өкілі Мемати Мортезадан басым түсті. Осылайша, Нұрқанат үш дүркін Азия чемпионы атанды. Әжіқановтың ендігі биігі – әлем чемпионы атану.

«Иә, бүгін қатарынан үшінші рет Азия чемпионы атандым. Бұл менің ғана емес, барлық комнаданың жеңісі. Бапкерлік штаб, дәрігер, массажист пен психологтің көрінбейтін еңбегі бар. Алда әлем чемпионатына тыңғылықты дайындаламын. Жақсы нәтиже көрсетуге тырысамын. Бұрын алған қола медалімді алтынға ауыстырғым келеді. Сол үшін барымды саламын», – деді Нұрқанат Әжіқанов.

Турнир тосынсыйы атанған спортшысының бірі – Дайяна Даренская. Ол ересектер арасында алғаш рет құрлық бәсекесіне қатысып, топ жарды. 68 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде финалда жапон каратэшісі Кама Цубасаны ұтты. Әлем чемпионатына жолдама алып жатып, толқып жүріп татамиге шыққа да, жасымағанын айтты. Ал Софья Берульцева нық сеніммен, жолында кездескен бар қарсыласын жапырып жүріп, Азия чемпионы атанды. Аса ауыр салмақтағы (68+) жартылай финалда өзбек каратэшісін соңғы секундта ұтып, финалға жолдама алды. Әсіресе, оның темір соққысы көпшілікті қайран қалдырды. Берульцева сияқты жүйкесі берік спортшы ғана жеңіліп тұрып, камбэк жасайтыны белгілі. Әрі мынадай жойқын соққы финалда алтын алмай қоймайтынын күні бұрын дәлелдегендей. Расымен, ол ақтық сында жапон қызы Сугита Сумиреден басым түсті.

Ташкент татамиі Ұлттық құрамаға қатты тиген жоқ. Жастардың ересектерден қалмай, бәсекелесе алатынын көрсетті. Тіс қаққан спортшының тәжірибесі рөл ойнайтынын тағы да дәлелдеді. Арқаңда елдің аты, алдыңда асу тұрғанда артқа шегіну қазақтың қызына да жат екенін айқындады. Әселдің көз жасын сығып тұрып, қола медальді сүйгені алтынның ауылы алыс емесін нұсқады. Берульцеваның мынадай энергиясы әлі талай жүлденің қоржынға түсерін көрсетті. Жоғары дәрежеде өткен чемпионат жанкүйерін де, спортшысын да қуантты. Жалпы, Ташкентте сары құрлық чемпионатын осымен үшінші рет қабылдады.

БИБІСАРА – ЕКІНШІ ГРОССМЕЙСТЕР

БАӘ-де өткен Sharjah Masters 2025 супертурнирінде Бибісара Асаубаева үшінші гроссмейстер нормасын орындады. Талантты шахматшы алғаш рет 2 500 рейтинг межесінен асты.

Қазақстан шахмат федерациясы хабарлауынша, Бибісара 64 гроссмейстер қатысқан турнирде үздік отыздыққа енді. Сондай-ақ әйелдер арасында ең үздік нәтиже көрсетіп, әйелдер Гран-приінің жеңімпазы Чжу Цзиньэр мен Олимпиада чемпионы Дивья Дешмухты артта қалдырды.

Алда бұл нәтиже ФИДЕ кеңесі отырысында ресми бекиді. Яғни, Бибісара қазақстандық әйелдер арасынан екінші гроссмейстер (GM) атанады. Біріншісі – Жансая Әбдімәлік.

«ГРУНТ КОРОЛІ» МАНСАБЫН АЯҚТАДЫ

«Ролан Гаррос» турнирінің бірнеше дүркін чемпионы Рафаэль Надаль теннистегі мансабын аяқтады. «Грунт королі» атанған аңыз спортшының құрметіне Парижде салтанатты рәсім өтті.

Теннис аңызына тағзым еткендей іс-шараға әйгілі спортшылар қатысты. Салтанатты жиынға келгеннің арасында Роджер Федерер, Новак Джокович және Энди Маррей бар. Әйгілі төрттік бір-бірін мойындап, арқадан қақты. Әсіресе, бертінге дейін жанкүйер Джокович пен Надаль кездесуін тағатсыздана күтетін.

Іс-шара барысында Надальға арнайы сый табақ берілді. Онда турнир эмблемасы, Надальдың қолтаңбасы, «Ролан Гаррос» турниріндегі жеңісті жылдары мен «аңыз» деген жазу бар. Ресми дерек бойынша, теннисшінің аяққиім ізі Филипп Шатрие атындағы корт топырағында мәңгілікке сақталады. Мұның өзі ойыншының мәртебесін көрсетіп тұр. Өйткені Рафаэль Надаль мансабында «Ролан Гаррос» турнирін 14 рет жеңіп, рекорд орнатқан. Аңыз тенисшіні «Грунт королі» деп атайтыны да содан. Кеш соңында теннисші жанкүйерлеріне алғыс білдірді.

Айбике ЖАНАСЫЛ

AMANAT MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ– Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4597
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді

(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
•«Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өндеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Айзат АЙДАРҚЫЗЫ